

Тәуелсіздікті сақтау
және мемлекеттілікті
нығайту – біздің болашақ
ұрпақ алдындағы
парызымыз.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

AKIMAT LIVE



ВАКЦИНА –
ДЕРТТІҢ АЛДЫН
АЛАДЫ

4

ТӘУЕЛСІЗДІК–30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

25.11.2021

Түнде:

+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің
жылдамдығы:
0-5 м/с

26.11.2021

Түнде:

0+2 °C
Бұлтты, жауын-шашын
(жаңбыр, қар, көктайғақ).

Күндіз:

0+2 °C
Бұлтты, жауын-шашын,
кей уақытта қатты
(жаңбыр, қар, көктайғақ).



Желдің жылдамдығы:
2-7 екпіні 12 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №143 (6119) 25 қараша, бейсенбі, 2021 жыл.

МӘНГІЛІК КӨКТЕМ ҚАЛА



Елордада «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» көрмесі ашылды

Нұр-Сұлтан қаласында Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының музейінде Алматы қаласы әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырылған «Елбасы елімен бірге» альбомының тұсаукесері болып, «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» көрмесі ашылды.

3

ЖӘРМЕҢКЕ

САПАЛЫ ӨНІМ, ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒА

Алматыда азық-түлік жәрмеңкесі өтеді



27 қараша күні «Астана» орталық алаңында қала жұртшылығы асыға күтетін ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өтеді. Онда күнделікті сұранысқа ие өнімдер нарық бағасынан төмен бағада саудаланады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мәліметінше, ауылшаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі Алматы қаласы мен облысы арасындағы аймақаралық ынтымақтастықты дамыту аясында ұйымдастырылып отыр.

Алматы облысының тауар өндірушілерінің қатысуымен өтетін жәрмеңкеге жалпы құны 175 млн. теңге болатын 455 тоннадан астам азық-түлік жеткізіледі. Онда қала

тұрғындары мен қонақтарына 53 өнім түрі ұсынылады. Атап айтар болсақ, 36 тонна ет, 21 тонна сүт өнімі, 115 тонна көкөніс пен 16 тонна балық, 38 тонна жеміс-жидек, 39 тонна картоп пен 190 тонна өзге де өнімдер бар. Аталмыш жәрмеңке халықтың қыс қамын қиналмай жасап алуына септігін тигізеді. Өйткені, мұндағы ұсынылатын азық-түлік бағасы нарық бағасынан 8–20%-ға арзан болады.

Қаперіңізде болсын, жәрмеңке таңертеңгі сағат 8.00-ден кешкі 17.00-ге дейін «Астана» алаңында өтеді.

ҚЫСҚА...

- «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты: ғылым, мәдениет, ақпараттық технологиялар, бизнес және БАҚ салаларындағы жастардың 30 үздік жобасы анықталды.
- Елімізде Қазақстан есімді 24 азамат тұрады.
- Магистратура мен докторантурада білімін жалғастырған жастардың 9 пайызы ғана оқудан кейін ғылыми қызметпен айналысатыны белгілі болды.
- Қаладағы 207 мектепте 4 414 бейнебақылау камерасы орнатылған. Оның 2620 камерасы полицияға қосылды. Қалғаны жақын арада қосылады.
- Іле Алатауы ұлттық саябағындағы 47 гектар жерге 130 мыңға жуық ағаш отырғызылады.
- Алматыда 1 млн.-ға жуық адам вакцинаның екі компонентін салдырды.

www.almaty-akshamy.kz



ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫНА АМАНАТ

Елбасы республикалық жастар форумына
Үндеу жолдады



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев елордада өтіп жатқан «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты республикалық жастар форумына Үндеу жолдады.

«Бүгін баршамыз үшін ерекше күн. Тәуелсіздіктің торқалы тойы қарсаңында еліміздің білімді, білікті, іскер де белсенді жастары республикалық форумда бас қосып отыр. Баршаңызды Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойымен шын жүрегіммен құттықтаймын!», – деп тұжырымдаған Тұңғыш Президент Тәуелсіздік тәңірінің бүгінгі ұрпаққа берген баға жетпес үлкен сыйы екеніне маңыз берді.

«30 жыл – халқымыз үшін тарихи белес. Біз осы уақыт ішінде ата-бабамыздың асыл арманын орындап қана қоймай, оны баянды ете білдік. Қазақстанды әлем таныған, жаһан мойындаған іргелі мемлекетке айналдырдық. Бұл – барша халқымыздың ортақ жеңісі. Мен Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялаған тұста елімнің келешегі жарқын, халқы бақуатты, жастары бақытты болсын деп армандадым. Өскелең ұрпақтың сапалы білім алып, лайықты өмір сүруі жолында аянбай еңбек еттім. Бүгінде сол арманым орындалып отыр. Тәуелсіздік жылдары біз дамыған елдермен терезесі тең, бәсекеге қабілетті жаңа буын тәрбиеледік», – деді Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан жастарына.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

БҰЛ – БІЗДІҢ БІРЛІГІМІЗДІ КӨРСЕТЕТІН ҚАДАМ

Nur Otan партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті

Бейнеконференция байланысы режимінде өткен отырысқа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелері, Nur Otan партиясының Саяси кеңесі мен Бюро мүшелері, Парламент Мәжілісіндегі және мәслихаттардағы партия фракциясының депутаттары, өңір басшылары, Jas Otan жастар қанатының көшбасшылары қатысты.

Жиынды ашқан Елбасы отыз жыл ішіндегі еліміздің даму жетістіктеріне тоқталып, мұның барлығы бірлесе атқарылған жұмыстың, маңызды мемлекеттік шешімдер мен батыл реформалардың жемісі екенін атап өтті. Тұңғыш Президент мемлекетіміздің алдында тұрған сын-қатерлерге, сондай-ақ партияның келешек стратегиялық мақсаттарына жан-жақты тоқталды. Партияның соңғы парламент сайлауындағы «Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!» деген ұранының өзектілігіне маңыз берді.

**Nur Otan партиясын
ел Президенті басқарып,
оның саясаты мен стратегиясын өзі
айқындап отыруы маңызды**

Алқалы жиында Нұрсұлтан Назарбаев Nur Otan партиясы Төрағасының өкілеттігін беру туралы шешім қабылдағанын, партияны ел Президенті басқаруы тиіс екенін атап өтті. Елбасы тұжырымдағандай, партияның міндеті – халықты бөліп-жару емес, біріктіру. Ол барша қазақстандықтардың Президенттің мемлекеттік бағдарын қолдап, соның аясында жұмылуы маңызды екеніне баса мән берді.

«Мен партиямыздың негізін қалап, оған осы жылдар ішінде басшылық еттім. Nur Otan партиясын ел Президенті басқарып,



оның саясаты мен стратегиясын өзі айқындап отыруы маңызды екенін жақсы білемін. Бұған дейін де солай болды. Біз партия Жарғысына сүйене отырып, шешім қабылдауымыз керек. Бұл – біздің бірлігімізді көрсететін қадам», – деген Қазақстанның Тұңғыш Президенті Nur Otan партиясы, әсіресе қазіргі пандемиядан болып отырған жаһандық дағдарыс кезінде Қазақстан Президенті үшін басты тірек болуы керектігін, мемлекеттік бағдардың сабақтастығы мен тұрақтылығына негіз болатын партияның ұзақ мерзімді көшбасшылығын қамтамасыз ету маңызды екеніне назар аударды. Өкілеттіктерді беру рәсімі партияның Жарғысына орай жүзеге асырылмақ. Жарғыға сәйкес, Nur Otan партиясының Төрағасын сайлау мен оны лауазымынан босату толығымен Партия съезінің құзыретінде. Оған дейін Нұрсұлтан Назарбаев партия Төрағасы қызметінде болады. Сарапшылар бұл шешімді – билікті тапсырудың логикалық жалғасы ретінде атап отыр.

**Жаңа дәуірдегі қазақстандықтарға
бағдар**

Мемлекеттілікті сақтап, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ақиқатқа айналдыру көзі ашық, көкірегі ояу, санасы азат, ойы озық ұрпақтың тарихи миссиясы деп санайды Қазақстанның Тұңғыш Президенті. Осы орайда, Елбасы жас ұрпаққа жолдар Үндеуі ретінде жаңа дәуірдегі қазақстандықтарға бағдар болатын «ЕЛДІКТІҢ ЖЕТІ

ТҰҒЫРЫ» атты қағидаттар жиынтығын ұсынды. Олар:

- Тәуелсіздік – кез келген азамат үшін ең қастерлі құндылық. Мемлекеттілігімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындай қорғау – әрбір қазақстандықтың міндеті.
- Бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры.
- Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы.
- Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын дінгегі.
- Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі.
- Білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті. Ендеше, табыстың кілті үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуде.
- Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі.

Елбасы елдіктің осы жеті тұғыры арқылы ертеңгі күнге сеніммен қадам басу қажеттігін аманаттап отыр. «Рухымызды қайрап, еңсемізді тіктеп, бұдан да биік асуларға жету үшін және Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы жолында тынбай жұмыс істеуге тиіспіз! Біз кез келген сынақтан сүрінбей өтіп, жеңіске бірге жетеміз!.. Біз біргеміз!», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Мегаполисте

278

жалпы білім беретін
мектеп бар.



Биыл әлеуметтік осал
топтағы
азаматтарды қолдауға

24,8 млрд. теңге
бөлінген.



Алматыда өтетін азық-түлік
жәрмеңкесіне

455

тоннадан астам
азық-түлік жеткізіледі.



Шаһарда IT-кәсіпкерлерді
жүйелі қолдау үшін

5 млн. теңгеге

дейін қаржы бөлінеді.



«Бақытты отбасы»
орталықтарына күн сайын

700-ден астам
алматылық барады.



КӨРМЕ



Динара
МУРАТ

(Басы 1-бетте)

Іс-шара Елбасы кітапханасының «Қазақстан жолы» жобасының аясында өтті, оның негізгі идеясы – болашақтың қоғамын құрудың серпінді процесі ретінде 30 жыл бойғы еліміздің барлық өңірлері мен қалаларының даму жолының панорамалық келбетін көрсету.

Қонақтарды жылы қарсы алған Елбасы кітапханасының директоры Бақытжан Темірболат қазақ халқының егемендігін алуға оңтүстік астананың рөліне тоқталды.

«Тәуелсіздік күні қарсаңында егемендіктің тал бесігі – Алматы қаласына арналған көрмені ашуымыздың символдық мәні өте зор. Осыдан тура 30 жыл бұрын, 1991 жылғы желтоқсанда мемлекетіміздің егемендігінің негізін қалаған тарихи оқиғалар дәл осы қалада орын алды: 1 желтоқсанда бүкілхалықтық Президент сайлауы, 10 желтоқсанда Мемлекет басшысының ресми ұлықтау рәсімі мен 16 желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіздігінің ресми жариялануы», – деді кітапхана директоры.

2015 жылы Елбасы Н.Назарбаев «Алматы көктемі» іс-шарасында сөйлеген сөзінде: «Алматы – мәңгілік көктем қаласы, Орталық Азияның інжу-маржаны... Бұл мегаполис – Қазақстан тәуелсіздігінің алтын бесігі, республикамыздың жаңа тарихы басталған қасиетті мекен болып табылады», – деген еді.

Ел Президенті Қ.Тоқаев та Алматының орны бөлек тарихи қала екенін өз сөзінде: «Біздің Тәуелсіздігіміз Алматыда жарияланды. Сондықтан бұл қаланың тарихи рөлі ерекше. Қазір Алматы – біздің экономикамыздың басты қозғаушы күші», – деп атап өткен болатын.



МӘҢГІЛІК КӨКТЕМ ҚАЛА

Елордада «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» көрмесі ашылды



Сол себепті, «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» көрмесінің негізгі мақсаты – Алматы қаласының архивтік құжаттарын, фотосуреттерін, мұрағаттарын, музейлер жинақтарын мен Елбасы кітапханасының экспонаттарын көрсету арқылы алмалы қаланың Тәуелсіз Қазақстан тағдырындағы орны мен рөлін көрсету.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев көрменің

шымылдығын ашып, ұсынылған экспозициялар шаһардың Тәуелсіздіктің отыз жылындағы жетістіктеріне арналғанын атап өтті.

«Тәуелсіздік жылдарында Алматы экономикасы 1993 жылғы 2,1 млрд. теңгеден 2020 жылы 13,5 трлн. теңгеге дейін, ал жан басына шаққандағы ЖӨӨ 342,5 АҚШ долларынан 16,7 мың АҚШ долларына дейін өсті. Халық саны 1,8 есеге артты: 1991 жылғы

1134 мың адамнан 2021 жылы 2 миллионнан астам адамға дейін. Тәуелсіз Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде қала еліміздің ғылыми, білім беру, зияткерлік орталығы болып, біздің ұлтымыздың бірегейлігінің айқын көрінісі ретінде қала бермек», – деді Б.Сағынтаев.


Жалпы, «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» көрмесі үш экспозициядан тұрады:

1. «Тәуелсіздіктің бастауы» – бұл 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, 1991–1997 жылғы оқиғалар хроникасы, сондай-ақ Алматы қаласында қабылданған маңызды тарихи шешімдер.

2. «Қазақстандық жол: Алматының 30 жылдағы жетістіктері» – мегаполистің тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік, экономикалық, мәдени салалардағы, сондай-ақ спорттағы негізгі жетістіктері туралы материалдар көрсетіледі. Көрермендерге интерактивті түрде қаланың әлемдік мәдениет пен өркениетке қосқан үлесі туралы Алматы қаласында 1991–2021 жылдары болған 30 маңызды оқиғамен танысу мүмкіндігі ұсынылды.

3. «Біздің болашағымыз: Алматы – 2050 Стратегиясы» бөлімінде Алматының ұзақ мерзімді дамуының басты бағдарлары мен стратегиялық басымдықтары айшықталған: Алматы – шетсіз қала; «ақылды» қала; тең мүмкіндіктер қаласы; қауіпсіз қала; жасыл қала; жаһандық іскерлік орталық; мәдени, креативті қала.

Көрме 2022 жылғы 28 қаңтарға дейін жұмыс істейтін болады, мекенжайы: Бейбітшілік к-сі, 11.





AKIMAT LIVE

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

ВАКЦИНА – ДЕРТТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Екпе алу арқылы ұжымдық иммунитетті қалыптастыру маңызды

Кеше «Almaty TV» телеарнасының тікелей эфирінде әр аптаның сәрсенбі күні өтетін дәстүрлі «Akimat LIVE» бағдарламасына қатысқан Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев мегаполистегі күрделі эпидемиологиялық ахуалға тоқталды. Шаһар басшысы тұрғындар денсаулығына айрықша маңыз беріп, алматылықтарды вакцина алуға шақырды. Одан кейін қала әкімі жарты сағат бойы мегаполис тұрғындарын толғандырған түрлі сауалдарға, оның ішінде жолдарды салу мен жөндеу, мегаполистің инфрақұрылымын дамыту мәселелеріне қатысты қойылған сұрақтарға жауап берді.



Бақытжан Сағынтаев алматылықтарды эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруына орай вакциналануды назардан тыс қалдырмауға шақырды.

Алматыда егу науқаны басталғаннан бері миллионнан астам тұрғын COVID-19-ға қарсы вакциналанды. «Алматы» телеарнасының «Akimat LIVE» бағдарламасының тікелей эфирінде қала әкімі Бақытжан Сағынтаев мегаполис тұрғындарын эпидемиологиялық ахуалдың жақсарғанына қарамастан COVID-19 вакцинасын кейінге қалдырмауға шақырды. Вакциналанған азаматтар пандемияның аяқталуын жақындатуға көмектеседі.

Бақытжан Сағынтаев Алматыда халықты коронавирусқа қарсы жаппай вакциналау 2 сәуірден басталғанын еске салды. Сол кезде осы мақсаттар үшін еліміздегі ең көп егу пункттері (250) тек медициналық ұйымдар базасында ғана емес, мектептерде, мәдениет, спорт объектілерінде, базарларда және СОО-да болды. Бүгінде қалада 132 вакциналау пункті жұмысын жалғастыруда, 756 адамнан тұратын 201 егу бригадасы толық режимде жұмыс істейді.

Шаһар басшысы екпе алған миллионнан астам алматылықтардың белсенділігі арқасында коронавирусты жұқтыру тізбегі үзіліп, аурудың таралу қарқынын төмендетуге қолжетті деп санайды. Екпе алғандардың 24 654-і құқық қорғау органдарының қызметкері, 35 469-ы (100%) педагогтар, 38 935-і (100%) медицина қызметкерлері.

**Дерттің алдын алады,
аурудың асқынуына жол бермейді**

Алматы қаласының әкімі пандемия әлі аяқталмағандықтан, вакциналану қарқынын күшейту қажеттігіне маңыз берді. Ол қалада да, елде де, бүкіл әлемде де коронавирусқа қатысты жағдайдың бірде жақсарып, бірде нашарлай түсетінін айтты. Алайда, алматылық эпидемиологтар-

дың, вирусологтардың, дәрігерлердің және медперсоналдың арқасында Алматыда жұқтыру көрсеткіші төмендеп келеді. Сондықтан қаланың әрбір тұрғыны вакциналану арқылы ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға көмектесуі тиіс.

Тек өткен тәуліктерде 2100-ден астам қала тұрғыны вакцинананың бірінші компонентін алды. Қараша айының ортасынан бастап КВИ вакцинасын алуға бұрын екпе алмағандар белсенді түрде қосылды. Бүгінде Pfizer препаратымен 8496 адам вакциналанды, оның ішінде: жүкті әйелдер – 529, сәби емізетін әйелдер – 2026 және балалар – 5941.

Б.Сағынтаев тек вакцина ғана дерттің алдын алатынын, аурудың асқынуына жол бермейтінін еске салды. Бұл, әсіресе, қарттар үшін өте маңызды. Тілек білдірушілердің барлығы екпені шектеусіз ала алады, оның үстіне Алматыда препараттар жеткілікті: бірінші компоненттің 166 072 дозасы, екінші компоненттің 219 620 дозасы бар.

Ревакциналаудан өтуге болады

Қалада 22 қарашадан бастап ревакциналаудан өтуге болады. Әзірге КВИ вакцинасының үшінші дозасын медицина қызметкерлері, педагогтар, күш құрылымдарының қызметкерлері, медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызметкерлері мен контингенті, 60 жас-тан асқан адамдар алады. Бүгінгі күні барлығы 315 адам ревакциналанды. Қазіргі кезде инактивирленген: QazVac (ҚР), Vero Cell (ҚХР) вакциналарын алуға болады. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Спутник Лайт» вакцинасын жеткізу бойынша келіссөздер жүргізуде. Қалған алматылықтар үшін ревакциналаудың екінші кезеңі 2022 жылдың қаңтарынан басталады.

Алматыда коронавирус дертінің шарықтау деңгейі өткеніне қарамастан, мегаполисте жұқтырудың жаңа жағдайлары тіркелуде. Өткен тәулікте корона-

вирустық инфекцияның 123 жағдайы тіркелді. Инфекциялық стационарларда 458 адам, оның ішінде 24 бала бар. Жансақтау бөлімінің дәрігерлері 51 науқастың өмірі үшін күресуде.

**ЖРВИ мен тұмауға қарсы
вакциналанған жөн**

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев мегаполис тұрғындарын КВИ-дің жаңа нұсқаларының айналымы аясында тұмаудың таралу қаупіне барынша жіті қарауға шақырды.

Алматыда ЖРВИ дертінің маусымдық өсуі байқалады. Өткен аптада ЖРВИ-дің 12 479 жағдайы тіркелді, 100 мың тұрғынға шаққандағы көрсеткіш 613,34 құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 3,7 есе жоғары. Жаңа эпидемиологиялық маусым басталғаннан бастап 1 қазан мен 17 қараша аралығында ЖРВИ-дің 73 731 жағдайы тіркелді. Сонымен қатар, АН3N2 тұмауының 13 жағдайы тіркелді.

Медиктер дерттің 60,6% болуы бұл дерттің балалар арасында таралуына байланысты деп санайды, кәмелетке толмағандар арасында барлығы 7557 жағдай тіркелген. Мегаполистің медициналық мекемелеріне ЖРВИ-мен ауыратын 680 науқас, оның ішінде 20 жүкті әйел, 211 бір жасқа дейінгі бала жатқызылды. Пневмониямен 216 адам ауруханаға түсті, оның ішінде 14 жасқа дейінгі 51 бала және бір жасқа дейінгі 26 сәби бар.

Б.Сағынтаев ЖРВИ, тұмау және пневмонияның таралуына байланысты күрделі жағдайды ескеру қажет деп санайды. Әкім Алматының барлық тұрғындарын бұрын енгізілген алдын алу шараларын, соның ішінде бетперде тағуды қатаң сақтауға шақырды. Оның үстіне әркім адамдар көп жиналатын орындарға баруды барынша азайтуы тиіс. Ал коронавирустық инфекция мен тұмауға қарсы вакциналанбаған адамдар өздерін

және жақындарын қорғауға асығуы, екпе алулары тиіс. Мегаполисте бұл үшін барлық жағдай жасалған.

Алматыда 15 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаржысына (медицина қызметкерлері; медициналық ұйымдарда медициналық бақылауға жататын балалар; алты айдан асқан жиі ауыратын балалар; жетім балаларға арналған білім беру ұйымдарының балалары; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; балалар үйінің тәрбиеленушілері; медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) қызметтерін алушылар; жүктіліктің 2-ші немесе 3-ші триместріндегі әйелдер; жүрек-қан тамырлары жүйесі мен тыныс алу органдарының созылмалы аурулары бар және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша адамдар) «тәуекел тобындағы» тұлғаларға тұмауға қарсы екпе салу басталған болатын.

Вакциналау халықты тұмау вирусын жұқтырудан қорғап қана қоймай, дерттің асқынуына жол бермейді әрі өлім-жітімді едәуір төмендетуге көмектеседі. Биыл ресейлік өндірістің «Гриппол Плюс» тұмауға қарсы үшвалентті вакцинасы 130 000 доза көлемінде сатып алынды.

ТҮЙІН:

«Akimat LIVE» бағдарламасында тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің барлығы жауапсыз қалмады. Алматылықтар шағымы заң негізінде шешілетін болады. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев қазіргі эпидемиологиялық ахуалға байланысты тұрғындарды сақтық шараларын барынша сақтауға шақырды.

Әзірлегендер
Әсел ДАҒЖАН,
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

Алматыда 40 мыңға жуық баланы тегін спорттық үйірмемен қамту жоспарланды. Биылдан бастап спорт үйірмелеріндегі жаттығуларға балалардың ақысын Алматы әкімдігі төлейтін болады. Бұл мақсатқа 1,5 миллиард теңге бөлінді. Спорт түрін баланың қалауы бойынша таңдауға болады.



Алматы бірінші орында тұр



Қала әкімдігі биылдан бастап балалардың спорт секцияларындағы сабақтарына ақы төлейтін болады.

Бұл мақсатқа 1,5 миллиард теңге бөлінді, барлығы 40 мыңға жуық баланы қамту жоспарлануда. Оның үстіне, баланың қалауы бойынша спорт түрін таңдауға болады. Бұл мемлекеттік спорттық тапсырыс бойынша жан басына нормативтік қаржыландыруды енгізу арқасында мүмкін болып отыр.

Тегін секцияларға 4 жастан 18 жасқа дейінгі балалар қатыса алады және олар 71 спорт түрінің бірін таңдай алады. Балалар қалаған үйірмені үйден шықпай-ақ,

artsport.edu.kz. платформасы арқылы таңдай алады. Мұны ата-аналардың өздері сайтқа тіркелу арқылы жасауына мүмкіндігі бар.

Қазіргі кезде 24 мың өтініш берушіге тегін сабақтарға ваучерлер берілді, 26 спорт түрі бойынша 18 630 бала сабақты бастады. Қазіргі таңда футбол, таэквондо, каратэ, жүзу және дзюдо секциялары ең көп сұранысқа ие.

Бүгінде секциялардағы сабақтар үшін мемлекет тарапынан жалпы сомасы 141 млн. теңге төленді. Өңірлер арасында Алматы бөлінген қаржы бойынша бірінші орынды иеленген және нақтылы айналысатындар жөнінде де бірінші орында тұр.

БАЛАЛАРДЫ СПОРТҚА БАУЛУ – Ұлт болашағының кепілі



Шаһарда спортпен шұғылдану белсенділігі артты

Мегаполис басшысы Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша қалада спортпен шұғылдану белсенді дамуда. Бүгінгі таңда қалада 3400-ге жуық спорт нысаны, оның ішінде 12 стадион, спорт сарайы, 14 спорт кешені және 12 спорт ғимараты жұмыс істейді. Сондай-ақ, мегаполисте құрама командалардың 5 оқу-жаттығу орталығы, 3 шаңғы базасы, 12 ату тирі, атыс алаңы, велотрек, секіруге арналған трамплин,

6 хоккей корты, конькимен жүгіру стадионы, 2671 тегіс ғимарат, 102 теннис корты, ипподром, 10 спорт манежі, 51 бассейн, 483 спорт залы, 12 кіріктірілген спорт залы бар.

Алматыдағы жабық спорт нысандарының алаңы 81 503 шаршы метрді құрайды. Оларды ұлғайту үшін ағымдағы жылы жергілікті бюджет есебінен қаланың шетінде жалпы ауданы 38 мың шаршы метр 6 денешынықтыру-сауықтыру кешені мен

теннис орталығы салынуда. Мұнда тәулігіне 5250 адам 150 түрлі спорт секциялары бойынша жаттығатын болады. Қазіргі кезде бюджеттен тыс қаржы есебінен бес жаңа спорт нысанының құрылысы жүріп жатыр. Оның ішінде ДСК, үстел теннисі орталығы, күрес кешені қарастырылған. Бұдан басқа, теннис орталығының құрылысы аяқталды. Спорттың 15 түрі бойынша 70-тен астам спорт секциясы ашылатын болады.

Мектептер жанындағы 70-тен астам футбол алаңы модернизацияланады



КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматыда жаңа оқу жылында мектептерге 301 171 оқушы барды.
- Мемлекеттік мектептерде 280 458 шәкірт білім алуда.
- Жекеменшік мектептердегі оқушы саны – 20 713.
- Өткен 2020-2021 оқу жылында МЖӘ аясында мектеп жанындағы 4 спорт алаңы жаңғыртылған.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ТЕННИС ОРТАЛЫҒЫ

(Алатау ауданы, Момышұлының батыс жағы, Универсиада көшесінің оңтүстігі)



Жалпы аумағы: 4,2 мың. м²
Тәулігіне 430 адамға дейін қабылдау мүмкіндігі бар



Үлкен теннис орталығы 14 корты
(4 – жабық, 10 – ашық) бар

КҮРЕС МЕКТЕБІ

(Өуезов ауданы, «Жетісу-3» ықшамауданы)



Жалпы аумағы: 0,8 мың. м²
Тәулігіне 280 адамға дейін қабылдай алады



Олимпиадалық күрес түрлері

Балаларды спортпен шұғылдануға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға, сондай-ақ, бұқаралық спортты дамытуға тарту үшін өткен жылдан бастап Алматыда мектеп жанындағы спорт аймақтарының инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жүзеге асырылуда. Биыл жыл соңына дейін 73 футбол, 63 волейбол мен баскетбол алаңы, сондай-ақ, воркаут-аймақтар мен жүгіру жолдары бар 61

мектептің жанындағы спорт нысанын жаңғырту жұмыстарын аяқтау жоспарланған.

Спорттық мекемелермен қатар қалада 100 орталық жұмыс істейді, онда 8 мыңнан астам адамды қамтитын 36 спорт секциялары мен үйірмелері тегін негізде қолжетімді. 2023 жылға қарай орталықтар санын 200-ге дейін, ал ағымдағы жылы қосымша 50 орталыққа ұлғайту жоспарда бар.



ПІКІРТАЛАС

Әлемге әйгілі ақын, танымал қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов «Мәдени дипломатия – Үлкен еуразиялық әріптестіктің гуманитарлық бағыты» атты халықаралық пікірталасқа қатысып, Еуразия халықтары ассамблеясын XX ғасырда қолданыста болған идеологиялардың шынайы айнасын көрсетуге, шешімін шығарып, әділетті бағасын беруге шақырды.

«Мәдени дипломатия – Үлкен еуразиялық әріптестіктің гуманитарлық бағыты» халықаралық пікірталастың көздеген мақсаты – Еуразиялық кеңістікте ынтымақтас-тықтың, өзара түсіністіктің, ерекшеліктер мен мәдени плюрализмді сақтаудың тиімді құралы ретінде мәдени дипломатияны дамытуға жәрдемдесу.

Мәдениет бүкіл адамзат өркениетінің дамуының іргетасы бола отырып, адамдарды бейбіт бастамаларға, рухани келісімге және халықаралық серіктестікке бағытта-тын жалпы адамзаттық базалық құнды-лықтарды нығайту үшін сенімді әлеуетке ие. Көпполярлы әлем жағдайында әлемде болып жатқан оқиғаларға негізгі ықпал ете алатын халықаралық диалог үшін жағдай жасайтын бірден-бір құрал да – мәдениет.

Сондықтан елдер мен халықтар ара-сындағы өзара түсіністікті нығайтуға, әлеуметтік-мәдени ынтымақтастықты арттыруға, қолайлы және достық ахуал қалыптастыру үшін идеялар, акпарат, өнер туындылары мен мәдениеттің басқа да құрамдас бөліктерімен алмасуға ықпал ететін мәдени дипломатияның маңызды-



лығы айқындала түседі. Ол жалпыға ортақ бейбітшілік пен даму үшін барлығының мүдделерін ескеруге және біріктіруге мүмкіндік беретін берік іргетас жасай отырып, адамдардың, қауымдастықтардың, мәдениеттердің немесе халықтардың әлемдік қоғамдық пікірі мен санасына әсер етуі мүмкін. Әлемдік мәдени дипломатия жан-жақты қарастырылуы үшін пікірталас әдебиет, музыка, кескіндеме, театр, кино, халық шығармашылығы үздіктерінің ба-сын қосты. Онда Ресей, Швейцария, Фран-ция, Әзербайжан, Ирак, Лихтенштейн, Испания, Қазақстаннан мәдениет салала-рының майталмандары 2022 жылдың со-

ңында өткізу жоспарланып отырған Дү-ниежүзілік қоғамдық саммиттің өзекті күн тәртібін қалыптастыру үшін өз пікірлері-мен бөлісті.

«Мәдени дипломатия – Үлкен Еура-зиялық әріптестіктің гуманитарлық векто-ры» пікірталасы Халықаралық мәдени әріптестікті дамыту арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде Үл-кен Еуразия халықтарының бірігу жолда-рын анықтау үшін ұйымдастырылды.

ПІКІРТАЛАСҚА МҰРЫНДЫҚ БОЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР ЛЕГІ:

1. Мәдениеттің біріктіруші әлеуетін қалай жандандыруға болады?
2. Адам-жаратушы ретінде санасын қалыптастырудағы өнердің рөлі қандай?
3. Халықтардың рухани мәдениеті өркениеттің болашағына қалай әсер етеді?
4. Мәдени дипломатия мен қоғамдық ұйымдардың міндеттері.
5. Дүниежүзілік қоғамдық саммиттің күн тәртібіне ұсыныстар.

Қазақстан атынан сөз сөйлеген белгілі ақын Олжас Сүлейменов жалпы мәдениет түсінігіне тоқталып, оның қоғамдағы рөлі-не назар аударды. Алдағы дүниежүзілік

саммитте көтерілу керек тақырып жайын-да өз ұсынысын білдірді.

«Мен алдағы дүниежүзілік саммиттің күн тәртібінде қозғалатын дүниелерге аса қызығушылық танытамын. Сондықтан өз атымнан – XX ғасыр идеологияларының шешіміне тоқталсақ деген ұсыныс білді-ремін. Себебі, біз КСРО кезінде марксизм-нен бастап, сталинизмге дейін түрлі иде-логияны бастан кешірдік. Енді соның әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, дұрысы мен бұрысын зерделеп, жалпы шешім шы-ғаруымыз керек», – деді ақын.

Олжас Сүлейменов 70-жылдары Азия және Африка елдерімен байланыс жөнін-дегі кеңес комитеті төрағасының орынба-сары қызметін атқарғанда ондағы колони-ализмнің құлағанына куә болып, осы төңірегінде Ташкентте баяндамамен сөз сөйледі. Өз баяндамасында тек қана тәуелсіздікке жетуді мақсұт тұту қателік екенін айтып, бодандық жылдарынан, тәуелсіздік кезеңі арқылы саналы өзара тәуелдікке ұмтылу формуласын ұсынған. Сол кезде Орта Азия халықтары тәуелсіздік аларына сенген қоғам қайраткері пікірта-ласта Тәуелсіздіктің 30 жылы – өтпелі ке-зең ғана екенін, жетер мақсаттың үлкені алда екенін алға тартты. Дүниежүзілік саммитке дейін осы тақырып жан-жақты қаралып, бір шешіммен шығу керек деген ұстанымды жеткізді.

«Біз XX ғасырдағы бар теорияларды талқылауымыз керек. Сол кезде адамдар-дың құлшылық ететін дініне айналып кет-кен идеологияларды біз ғылым тіліне ауда-руымыз керек. Марксизм, ленинизм болсын, барлығының бір қателігі – өзара тәуелділік елдің ішінде, қоғамның әртүрлі санаттары арасында да болуы тиіс еді, буржуазияны жұмысшы табымен өлті-рудің қажеті жоқ еді. Күллі әлем – бір от-басы. Өткеннің кемшіліктерінен сабақ алатын уақыт келді», – деп сөзін аяқтады Олжас Сүлейменов.

БҰҰ

МАҚСАТ ПЕН МҮДДЕ БІРЛІГІ

ЕО мен БҰҰДБ Орталық Азиядағы Тұрақты даму мақсаттары бойынша өңірлік платформаны іске қосады

Қарашаның 22 жұлдызында Еуропалық Одақ пен Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы Орталық Азия елдері үшін Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) аясында білім алмасу жөніндегі жаңа платформаның іске қосылғаны туралы мәлімдеді.

Жалпы Тұрақты даму мақса-тары – 2015 жылы БҰҰ Бас Ас-самблеясы «Барлығы үшін жақсы және неғұрлым тұрақты бола-шаққа қол жеткізу жоспары» ретінде әзірлеген өзара байла-нысты 17 мақсаттың жиынтығы. Бұл мақсаттар Бас Ассамблеяның қарарында «2030 жылға дейінгі күн тәртібі» деп аталып, Мың-жылдық даму мақсаттарын ал-мастырып отыр. Аталған мақса-тар жеке адамның өмірін жақсартудан бастап, климаттың өзгеруі сынды әлемдік проблема-ларды да қамтыған.

Сонымен, 17 мақсаттың ішін-дегі сапалы білім тұсында құрыл-ған платформаның негізгі мақса-ты – ТДМ-ға қол жеткізу үшін Қазақстан, Қырғыз Республика-сы, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркіменстандағы үкіметтермен



және азаматтық қоғаммен өзара біріккен іс-қимыл жасау. Плат-форма ТДМ-ға қол жеткізуге мо-ниторинг пен қаржыландыру процесінің негізінде елдерге өз-дерінің түйінді әлеуметтік-эконо-микалық бағдарламаларын қада-ғалауға және түзетуге көмектеседі.

«ЕО 2030 жылға дейінгі күн тәртібіне оң және сындарлы үлес қосты. Біз ТДМ-ды барлық стра-

тегияларымызда іске асыруды ұстанамыз және Орталық Азия елдерін де соған шақырамыз. Қазір біз бұрынғыдан да тығыз байланыстамыз, сондықтан біздің шекарамыздан тыс жерде тұратын адамдарға инвестиция салу – бұл Еуропаның өзіне са-лынған инвестиция. ЕО алдағы уақытта да барлық деңгейлерде тұрақтылықты нығайтатын және барлығымыздың ортақ және тұ-

рақты өркендеуімізге ықпал ететін бастамаларды іске асыра-тын болады», – деді ЕО-ның Қа-зақстандағы Елшісі Кестутис Янкаускас.

Білім алмасу жөніндегі ТДМ платформасы өңірлік масштабта-ғы елдер деңгейінде күш-жігерді ықпалдастыруда маңызды рөл атқаратын болады, тұрақтылық мәселелері бойынша өңірлік проблемаларды шешу үшін бар-

лық күш-жігерді жұмылдырады. Бұл елдердің үкіметтері мен қо-ғамдарына институционалдық әлеуетті арттыруға, қаржыланды-руды қамтамасыз етуге және өңірде COVID-19-дың қолайсыз салдарын еңсеруге көмектеседі. Бұл жоба үш жыл бойы жалғасын табатын болады.

«ТДМ-ды іске асыру арқылы біз шешкіміз келетін өңірлік проблемаларға назар аударатын уақыт келді. Орталық Азия ел-дерінің әрқайсысының өздерінің нақты даму жоспарлары бар, алайда бірлескен күш-жігер мен үгіттеуді талап ететін өңірлік күн тәртібі де бар. Климаттың өзге-руі, өңірлік теңсіздік және жалпы тұрақты өзара іс-қимыл пробле-малары – бұл бүкіл өңірдің әл-ауқатына және гүлденуіне әсер ететін және жалғыз адаммен шешілмейтін маңызды салалар-дың біркатары ғана. Сондықтан да біз Орталық Азияға арналған ТДМ платформасы барлық мүд-делі тараптар арасындағы өзара диалогқа ықпал етеді және ор-нықты шешімдерді әзірлеу мен ТДМ-ға қол жеткізу үшін тәжіри-бе мен білім алмасуға ықпал ете отырып, өңірлік ынтымақтастық-ты нығайтады деп санаймыз», – деп атап өтті БҰҰДБ-ның Қа-зақстандағы Тұрақты өкілінің орынбасары Виталий Времиш.

ТДМ платформасын іске қосу жөніндегі іс-шарада түрлі мүд-делі тараптардың, оның ішінде Орталық Азия елдері үкімет-терінің, халықаралық ұйымдар-дың, жеке сектордың, ғылыми орталардың және азаматтық қо-ғамның өкілдері оны іске асыру тетіктерін талқылады.

Бұған дейін биыл ЕО мен БҰҰДБ өңір елдері арасында білім алмасу процесіне ықпал ету үшін 1 млн. еуро сомасына келі-сімге қол қойылған болатын.

**Бетті дайындаған
Динара МҰРАТ.**



COVID-19

ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕР БЕЛСЕНДІЛІГІ ЖОҒАРЫ

Алматыда жасөспірімдерді, жүкті және бала емізетін әйелдерді иммундау науқаны жалғасуда. Дәрігерлер азаматтардың жалпы белсенділігі жаман емес екендігін айтады. Қаладағы №7 емхананың бас дәрігерінің орынбасары Нұрбол Жұмабековтің айтуынша, Алматыда «Комирнати» вакцинасын алуға ниет білдірушілер көп.



Бүгінде Алматыда күн сайын 132 вакциналау пункті жұмыс істеп тұр, оның ішінде №7 қалалық емханада да толық жұмыс істейді. Қоғамдық денсаулық басқармасының мәліметінше, қалада 2026 емізулі ана, 529 жүкті әйел және 12 жастан асқан 5941 жасөспірім Pfizer вакцинасын алды.

«Алматыда вакциналаудың қарқыны жақсарды. Әсіресе, жасөспірімдердің, жүкті әйелдер мен емізетін аналардың белсенділігі қуантады. Науқан басталғаннан бері біздің емханада 324 адам, оның ішінде 11 жүкті келіншек, босанғандарына 42 күннен асқан 31 әйел және 282 жасөспірім екпе алды. «Комирнати» Pfizer препаратының тиімділігі 95%-ды құрайды», – деді Н.Жұмабеков.

Дәрігердің айтуынша, Алматының Бостандық ауданына Pfizer өндірген вакцинаның 2016 дозасы бөлінген, қазірдің өзінде 1386 адам егілді.

РЕВАКЦИНАЛАУ

Алматыда екі күнде 315 адам қайта вакциналанды



«22 қарашадан бастап барлық қалалық емханаларда ревакциналау науқаны басталды. Бүгінде екпені медицина қызметкерлері, педагогтар, күш құрылымдарының қызметкерлері, медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызметкерлері мен контингенті, 60 жастан асқан және иммунитеті төмен адамдар ала алады», – деді емхана бас дәрігерінің орынбасары.

Н.Жұмабековтің айтуынша, ревакциналау бұрын жасалған екпенің төмендеген тиімділігін қайтарады және жоғарылатады. Сонымен қатар, ол векторлық вакциналарды енгізгеннен кейін – 9 айдан кейін, ал белсенді емес вакциналар мен м-РНҚ вакциналарынан кейін – 6 айдан кейін жасалады.

Әрбір егу пунктінде қауіпсіздіктің қатаң нормалары, атап айтқанда температуралық режим сақталады. Вакцина алған кезде бірінші кезекте пациентті тексеру жүзеге асырылады, оның барысында анамнез алынады. Сондай-ақ, дәрігерлер адамдардың бұрын қандай аурулармен ауырғанын сұрайды. Температураны, қысымды өлшеу, жұтқыншақты тексеру тікелей жүргізіледі. Дәрігерлер вакциналанған адамға немесе оның ата-анасына сауалнама жүргізеді. Ал жүкті әйелдерді вакциналау кезінде жүктіліктің қай мерзімде екенін белгілеу қажет.

Дәрігер «Комирнатидің» бір құтысы 6 адамға есептелгенін және алты сағаттан аспау керек екенін еске салды. Сондықтан осы уақыт ішінде барлық вакцина мақсатына сай қолданылады. Н.Жұмабеков вакциналауға тіркеу орны арқылы алдын ала жазылуға кеңес береді. Ал жасөспірімдер кезек күтіп әуре болмайды. Оқушылар, оның ішінде ЖОО мен колледж студенттері топтарға бөлінеді.

№7 емхананың бас дәрігерінің орынбасары вакциналау науқаны басталғаннан бері вакциналанғандардың арасында 1-2 күн ішінде инъекция орнында температураның шамалы көтерілуі мен ауырсынуды қоспағанда, елеулі жанама әсерлер байқалмағанын растады. Н.Жұмабеков айтып өткендей, инъекция салынған жерге үш күн бойы су тигізуге және физикалық белсенділік танытуға, ваннаға түсуге болмайды. Егер жайсыз сезіну байқалса, өз дәрігеріне немесе екпе салған дәрігерге хабарласқан жөн. Алматылықтар төмендеген тиімділікті жоғарылату үшін COVID-19 вакцинасының үшінші дозасын ала алады.

САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

Емхана ауыстыру қиын емес

Алматыда халықты емханаларға тіркеу бойынша жыл сайынғы науқан аяқталды. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев хабарлады.

– Медициналық ұйымды таңдау құқығын мегаполистің 10 мыңнан астам тұрғыны пайдаланды, олардың барлығы egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы өтінім берді, – деді Т.Әбілдаев.



Т.Әбілдаевтың айтуынша, тіркеу науқанына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 79 медициналық ұйым қатысты, олардың 40-ы – жекеменшік ұйымдар. Олардың 5-еуі өздерінің ресурстық мүмкіндіктері мен қызыреттерін тиісті құжаттармен растап, алғаш рет қатысқан.

Бұл дегеніміз – мемлекеттік ұйымдардың жүктемесі жеңілдеп, халықтың таңдау мүмкіндігі кеңейді деген сөз. Емханалар санының артуы жалпы практика дәрігерлерінің кезектері мен жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Лаура Мырзағалидың айтуынша, медициналық көмек көрсететін бірінші буын ретінде жалпы практика дәрігерлерінің жүктемесін ескере отырып, 2021 жылғы 1 қаңтар мен 1 шілде аралығында Алматыда МСАК ұйымдарында жалпы практика дәрігерлерінің 15 қосымша учаскесі ашылды. Қала бойынша барлығы 989 учаске ұйымдастырылған. Алайда, ведомствоға қарасты медициналық ұйымдарда анестезиолог-реаниматологтар, жалпы практика дәрігерлері, педиатрлар, учаскелік терапевтер, ересектер мен балалардың невропатологтары, акушер-гинекологтар және т.б. мамандар тапшы.

Бүгінде Алматыда медициналық жоғары оқу орындары түлектерінің саны 723 маманды құрайды, оның ішінде 359 интерн. Оның 373-і жұмысқа орналастырылды. Барлық мамандықтар бойынша медициналық колледждердің 3800-ге жуық студенті оқуын аяқтады, олардың 264-і грант бойынша, оларды жұмысқа орналастыру жалғасуда. Осы мәселені шешу үшін қосымша 2021–2025 жылдарға арналған кадр тапшылығын жою жөніндегі жол картасы бекітілді.

Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының мәліметтеріне сәйкес, республика бойынша алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарына 19,4 млн.-нан астам адам тіркелген, Алматы бойынша тіркелген халық саны 2,1 млн.-нан астам адамды құрайды, оның ішінде шетелдіктер мен қандастар да бар. Тіркеу науқанында ғана

емес, қазақстандықтар жыл ішінде бір рет еркін таңдау құқығы бойынша емхана ауыстыра алады. Сондай-ақ, емхананың көшуі, қайта ұйымдастырылуы, оның ӘМСҚ-мен шарты аяқталуы кезінде немесе керісінше, тұрғылықты жерінің жанында ӘМСҚ-мен шарты бар жаңа емхана пайда болған кезде, азамат ерікті медициналық сақтандыру шартын жасасқан жағдайда емхананың қызметтері өтелетін болады.

Бір терапевтік учаске жүктемесі 2000 адамнан асады

ҚДБ өкілінің деректері бойынша, бүгінгі күні Алматы қаласы бойынша жалпы практика дәрігерінің бір учаскесіне жүктеме – 1616 адамды құрайды, жоспарлық жүктеме – 1700 адам, бір терапевтік учаскеге – 2164 ересек адам, жоспар бойынша – 2200 адам, педиатриялық учаскеде жоспар бойынша 6 жасқа дейінгі 500 бала болуы тиіс, ал мұндағы балалар саны – 777.



Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Лаура Мырзағалидың айтуынша, бүгінде педиатриялық учаскелерде 14 жасқа дейінгі балалар тіркелген. «Біз 6 жасқа дейінгі балаларға қызмет көрсететін педиатриялық учаскелердің жүктемесін кезек-кезеңмен азайтуды жоспарлап отырмыз», – дейді маман.

ҚДБ басшысының орынбасары жалпы практика дәрігерлерінің жүктемесін ескере отырып, 2021 жылғы 1 қаңтар мен 1 шілде аралығында Алматыда МСАК ұйымдарында жалпы практика дәрігерлерінің 15 қосымша учаскесі ашылғанын айтты. Қала бойынша барлығы 989 учаске ұйымдастырылған. Сонымен қатар, Л.Мырзағали Алматы тұрғындары бүгін «Даму» мобильдік қосымшасында электрондық қызметтердің кең спектрін пайдалана алатынын хабарлады. Мысалы, дәрігердің қабылдауына жазылу, дәрігерді үйге шақыру, зертханалық зерттеулердің нәтижелерін, аурухана парақтарын қарау, дәрі-дәрмектерді табу және т.б.

Нәтижесінде пациенттерге қызмет көрсету уақыты 20%-ға, кезекте тұру уақыты 30%-ға қысқарды. Пациентті дәрігерге жазу уақыты 2 есе және дәрігерді үйге шақыру уақыты 1,5 есе азайды, – деп атап өтті ҚДБ басшысының орынбасары. Бұл қосымшаның ыңғайлылығы 859 мыңға жуық адамның жеке кабинеттер құрып, онда көрсетілген қызметтерді белсенді пайдаланатындығымен расталады. Бүгінде «Электронды денсаулық паспорты» 1 856 329 адамға құрылды, ол барлық тіркелген халықтың 98%-ын құрады.

МИНИСТР

Балаларға вакцина паспорты берілмейді

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой балаларға вакцина паспорты берілмейтінін айтты. Министрдің айтуынша, балалардың екпе алғаны туралы арнайы екпе кітапшасында тіркелетін болады.

Қазіргі таңда Қазақстанға Pfizer-дің 645 мың дозасы жеткізілген және алдағы уақытта тағы да әкелінбек. Ресми мәліметтерге сәйкес, елімізде 35 мыңға жуық азамат америкалық екпені салдырған. Оның 26 мыңы 12 жастан асқан балалар болса, 9 мыңы жүкті және бала емізетін әйелдер. Министр бұл көрсеткіштің әлі де аз екенін айтты.

«Вакцина салдырған балалардың ата-аналары вакцина паспортының берілмейтініне алаңдауы орынды. Алайда, біз Pfizer салдырғандардың бәрін арнайы екпе кітапшасына тіркейтін боламыз. Әр баланың жеке кітапшасы болады. Мысалы, туғаннан бері алынған екпелер жазылған тізімге вакцина салдырғандығы да тіркелетін болады», – дейді Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой.



Министр сонымен қатар, Ashyq қосымшасына екпені алса да, алмаса да балалардың тіркелмейтінін айтты. Қосымшада болмағандықтан кез келген бала ойынсауық орталықтарына еркін кіре алады. Мерекелік шаралар бойынша нақты бір тыйымдар жоқ. Алдағы жаңажылдық жиындарда әр аймақтың эпидемиалға жауапты санитарлық дәрігерлері жергілікті жағдайға қарай шешім шығаратын болады.

Бетті дайындаған
Айнұр СЕНБАЕВА.



ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

Білім жүйесі тағы бір жаңалықпен толықты. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау қағидалары Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеліп, мектеп, колледж және балабақша директорларын ротациялау институты пайда болды.



Еліміздің білім беру саласында он мыңнан астам мемлекеттік ұйым бар. Осы ұйымдардың кейбір басшылары мерзімсіз еңбек келісім-шарттарын жасаған.

Бір ұйымда 10–15 жыл және одан да көп жұмыс істейтіндер аз емес. Әрине, олардың арасында өз жұмысын жақсы білетін және мектеп, колледж, мектепке дейінгі немесе қосымша білім беру ұйымдарының дамуына

елеулі үлес қосып келе жатқан басшылар бар. Дегенмен, 10–15 жыл бойы бір орында отырып, ұзақ жылдар бойы бір білім беру ұйымын басқарса, бұл мотивацияның төмендеуіне, жұмыс барысында жаңа тәсілдердің болмауына әкеліп соғуы мүмкін.

Ал басшылық ететін ұйымның ауысуы өзгерістерді енгізуге, басшының жұмыстағы тиімділігін арттыруға мүмкіндік

береді. Сондықтан бір орында, мәселен, білім беру ұйымында 4 немесе 7 жылдан астам жұмыс істеген басшылар ротацияланады.

Бұл ретте осы білім беру ұйымында лауазымға тағайындалған күннен бастап 4 (төрт) жыл жұмыс атқарған бірінші басшы ротациядан өтініші негізінде босатылып, тиісінше қолданыстағы еңбек шарты шеңберінде өз жұмысын жалғастыра алады. Ал басшы аталған ұйымда 7 жылдан астам уақыт жұмыс істесе, онда ол міндетті түрде ротацияланады. Осылайша басшының бір білім беру ұйымына жетекшілік ету мерзімі 7 жылдан аспауы тиіс.

Басшыларды ротациялауды облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары жүзеге асырады.

Ротациялау бір деңгейдегі ұйым басшылары арасында жүргізіліп, бірінші басшылардың біліктілік санаты, аталған санат үшін төленетін қосымша ақы да мерзімі аяқталғанға дейін сақталады. Ротациялаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін комиссия жұмыс істеп, министрлік мониторинг жүргізетін болады.



«БАЛАПАНЫМ, БИІК ҰШ!»

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен биылғы «Балалар әдебиетін қолдау жылы» аясында А.П.Чехов атындағы қалалық Орталық кітапханада «Балапаным, биік ұш!» атты жыр мүшәйрасының жеңімпаздары марапатталды. Қалалық Білім басқармасының №187 бөбекжай-балабақшасы мен «Тұлға-достық» қоғамдық қоры ұйымдастырып отырған бұл байқаудың маңызы да, мәні де өте зор болды. Алғашқы сөз кезегін алған белгілі ақын, «Әдебиет әлемі» орталығының жетекшісі, «Тұлға-достық» қоғамдық қорының директоры Мұратхан Шоқан осы байқауды ұйымдастырудағы негізі мақсатқа тоқталып өтті.

— Еліміздің болашағы болар жас ұрпақты жан-жақты етіп тәрбиелеп, олардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыруда ана тілінің рөлі зор екені белгілі. Жалпы, баланың ой-өрісі мен таным дүниесінің дамуы үшін өлең-тақпақтың орны ерекше. Осы ретте біз байқауды қолға алғанда көп ойландық, көп ақылдастық. Ең алдымен, баланың қабылдауына жеңіл, жанына жақын өлең жазатын ақындарды танытсақ, олардың жазған өлеңдерін кішкентай оқырмандарға жеткізсек деген ой болды. Дегенмен, байқауға қатысуға ниет білдіргендер өз туындыларын кештеу жібергендіктен, біз оларды бәйгеге жібере алмадық. Осы байқау арқылы балалардың жүрегіне аз да болса сәуле беріп, қолдау көрсетсек, онда көздеген мақсатымыздың орындалғаны, — деді байқаудың ұйымдастырушысы.

Аталмыш байқауды ұйымдастырушылардың басты мақсаты — балаларға арнап өлең жазатын, баланың жаны мен тілін түсінетін ақындарды көпшілікке танытып, олардың еңбегін бағалау болғандықтан, бәйгеге келіп түскен шығармаларға қойылатын талап та осы мүддені көздеді.

Байқауға Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы келіп қатысқан ҚР Білім және ғылым министрлігі «Балаларды ерте дамыту институтының» мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұны бөлімінің басшысы Мәриям Ерманова байқау ұйымдастырушыларына зор алғысын білдірді.

— Бүлдіршіндеріміздің тұлға болып қалыптасуына барлығымыз да жауаптымыз. Мен осынау іс-шараға арнайы келіп қатысып отырмын. Өйткені, көбіне бізге ата-аналар хабарласып, «неліктен

балабақшаға барған балаларымызға қазақша тақпақ жаттатпайды. Қашанға дейін «аю отыр партада, екі қолы қалтада» деген тақпақты қайталау керек» деген реніштерін білдіріп жатады. Бұл әрине, ащы шындық. Біз ақын, сал-серісі көп халықпыз. Осындайда «Неге ақындарымыз мектепке дейінгі балаларымыздың талғамына сай келетін өлең-тақпақ жазбайды екен» деген ой мазалайды. Осыдан кейін бүлдіршіндеріміз мектеп жасындағы балаларға арналған тақпақтарды жаттауға мәжбүр, — деді.

Өз кезегінде қалалық Білім басқармасының мектепке дейінгі тәрбие бөлімінің басшысы Әлия Сағиева бастаманы қызу қолдайтынын білдіре келе, ендігі жерде балабақша бөбектеріне арнап ақын-жазушыларымыз ертегілер жазса деген өтінішін білдірсе, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің жетекшісі Гүлбану Құрманалиева аталмыш байқау үрдіске айналса деген тілегін жеткізді.

Байқауға белгілі ақын, ҚР Жазушылар одағының мүшесі Ербол Бейіліхан, «Серпер» жас-тар сыйлығының иегері, «Алтын сақа» баспасының бас редакторы Саят Қамшыгер, №187 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Фарида Омарбекова әділқазылық етті.

Мүшәйра соңында байқау жеңімпаздарына қаржылай сыйлықтар табыс етілді. Бірінші орынды Арман Шеризат жеңіп алса, екінші орынды Бакытқұл Тұрсынбаева иеленді. Үшінші орынды Кәмшат Нұғыманова мен Гүлзада Исабаева еншіледі. Сонымен, биылғы «Балалар әдебиетін қолдау жылының» басты табысы — «Балапаным, биік ұш!» атты жыр жинағы жарыққа шықты.



Бетті дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ – БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Біраз уақыт бұрын Алматыда «Қауіпсіз қала» жобасы қолға алынып, бұрыш-бұрышқа бейнебақылаулар орнатылғаны белгілі. Ендігі жерде Алматы мектептеріндегі бейнебақылаулар тікелей қалалық полицияға қосылып отыр. Бұл туралы Алматы қалалық полиция департаментінің басшысы Қанат Таймерденов былайша мәлім етті.

— Ресей Федерациясының Қазан және Пермь қалаларында болған қайғылы оқиғаларды бәрі біледі. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру мекемелерінде алдын алу шаралары күшейтілді. Бүгінгі таңда қаладағы барлық 207 мектепте 4414 бейнебақылау камерасы орнатылып, оның 2620-сы жедел басқару орталығына ко-

сылды. Жақын арада қалғандары да қосылатын болады. Сонымен қатар, қаланың барлық мектептерінде күзет агенттігіне хабар беретін дабыл түймелері орнатылып, жұмыс істеп тұр, — деді Қанат Таймерденов.

Сондай-ақ, барлық білім мекемелері дабыл құрылғыларымен толығымен жабдықталған. Әрі барлық мекемелерде дауыс зо-



райтқыш жүйе іске қосылып, білім беру ұйымдарының әкімшілік ғимараттарына кіруді бақылап, басқару үшін қондырғылар орнатылған. Сонымен қатар, қаламыздағы 150 мектепке дейінгі білім беру мекемесі бейнебақылау жүйесімен жабдықталған.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ



Алматы қаласының Оқушылар сарайында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған іс-шаралар легі күн сайын өтіп жатыр. Жақында мектеп оқушыларының «Мен Тәуелсіз елімнің патриотымын!» атты мәнерлеп оқудан байқау өтті.

Байқауға қаламыздағы Алмалы, Түрксіб және Медеу ауданы мектептері мен қосымша білім беру мекемелерінің мәнерлеп оқу

шеберлері қатысты. Көркем сөз оқудың өзі үлкен шеберлікті талап етеді. Тыңдарманға өлең-сөздің құдіретін жеткізе білудің

өзі үлкен өнер. Сондықтан аталмыш байқауға әр ауданның шеберлері қатысып, өзара сынға түсті. Байқауға қатысушылар ақын-жазушылардың тәуелсіздік тақырыбындағы шығармаларын оқып, байқау шарттарына сай тапсырмаларын орындады. Байқаудың әділқазылар алқасының мүшелері — Мұқағали Мақатаев атындағы төсбелгі иегері Әсия Малимова, театр және кино актері Айдос Рысхан, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Гүлжан Рахманбекова жас таланттарды жігерлендіріп, оларға қолдау білдіріп отырды. Тартысты сайыстың жеңімпаздары жас ерекшеліктеріне қарай марапатталды. Байқау қорытындысы бойынша 1-орынға Құрманғазы Құралай, Еркінова Ақмарал, 2-орынға Жақсыбек Альмира, Өрісте Нұрай, Секенбек Гүлім, Тоғаева Аружан ие болса, Тілеген Алтынбай 3-ші орын иегері атанды. Байқауға қатысушылардың жетекшілері Алғыс хаттармен, басқа қатысушылар сертификаттарымен марапатталды.



ТАБИҒАТ

Әуеден себілген сексеуіл

Осы айда Арал теңізінің суы тартылған аумағына алғаш рет сексеуіл тұқымы әуеден себілді.



Бұл туралы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев мәлімдеді.

«Біз Өзбекстанда сәтті өткен тәжірибені пайдалана отырып, биыл алғаш рет сексеуілді азросебу әдісін қолданамыз. Осыған байланысты Ынтымақтастық жол картасына қол қойылды», – деді Брекешев үкімет отырысында.

Министр сөзіне сәйкес, 1 қазаннан бастап Аралда топырақты дайындау жұмыстары жүргізілген. Ал 15 қарашадан бастап азросебу арқылы сексеуіл отырғызылады. Биыл 100 мың гектар жер көлеміне сексеуіл тұқымы әуеден себіледі.

Қазақстан аумағында жатқан Арал теңізінің суы тартылған бөлігі 2,2 миллион гектарды алып жатыр. 2021 жылға дейін 337 мың гектарға сексеуіл тұқымы себілген болатын.

2021–2025 жылдар аралығында 1,1 миллион гектарға сексеуіл егіледі деп жоспарланып отыр. Ол үшін 2022 жылдан

2025 жылға дейін жыл сайын 250 мың гектарға ағаш тұқымы себілмекші.

Сексеуіл – биіктігі бір жарым метрден 12 метрге дейін жететін бұталы өсімдік. Ол топырақ түзгіш өсімдік болып саналады. Сондықтан сексеуілді жердің шөлейттенуімен күресу кезінде жиі қолданады. Сексеуіл өзінің тереңге жайылған тамыры арқылы құмды нығайтып, құмды борандарға төтеп беру арқылы құнарлы жерді, өзен мен су арналарын құмнан қорғайды. Ол топырақ суының деңгейін реттеп, жерді сор мен құм басуынан сақтап қалады.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Балалар үйіндегі өнеге

Желтоқсандықтар балалар үйлерінің балаларымен жүздесті



Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен Желтоқсанның 35 жылдығына орай өтіп жатқан «Патриоттық рух – басты құндылық» жобасы аясында желтоқсандықтар қаладағы балалар үйлеріне қайырымдылық шараларын ұйымдастыруда.

Мақсаты – қамқорлық балаларға бірсәттік болса да көтеріңкі көңіл күй сыйлау. Шарада тәуелсіздік кімдердің қанымен, қандай ауыртпалықпен келгендігі жайлы айтылды. Сондай-ақ, ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық парызды әрбір қазақ баласының бойына дарыта отырып, ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыруды көздейді.

Желтоқсандықтар алдымен Медеу ауданында орналасқан «Жанұя» балалар үйіне барды. Мұнда дамуында ауытқушы-

тілі ретінде меңгергенімен мақтанса, Настя қазақша ән шырады.

Балаларға тәттілер, ойыншықтар, қажетті оқу құралдарын сыйлап мәз еткен желтоқсаншылар өздері де жақсы көңіл күймен тарқасты.

Ал «Перзент» отбасылық балалар үйіне барған желтоқсандықтар иманды бүлдіршіндерді көріп тәтті болды.

Кіп-кішкентай бүлдіршіндердің қазағы да, орысы да, өзгесі де қазақша сайрап, қай-қайсысы да Құранды судыратқанда, риза болмаған жан қалмады. Тіпті, кішкене орыс баласының оқыған Құранына риза болған арабтар Әмина апаға мешіт салып беруге келіскен. Бүгінде арабтар бастап берген сол мешіттің құрылысы жүріп жатыр. Балаларға сүйсінген желтоқсаншы Қабланов Әріп мырза: «Кішкентай баланың оқыған Құранына көңілім толқып, көзіме жас алдым. Біздің қоғамда мұндай тастанды балалар болмауы тиіс. Өкінішке қарай, бар болып тұр. Әмина апа сонша баланы бауырына басып, иманды



лығы бар 100-ге тарта бала тәрбиеленіп жатыр. Желтоқсаншы аға-апаларымен кездесуге бірнеше топтың балалары қатысты. Қалған балалар аптасына 3 рет баратын спорттық жаттығуда көрінеді.

Шараға келген желтоқсаншы аға-апаларының әңгімесін ынта қойып тыңдаған балалар қызықтырған сұрақтарын қойып, ашық әңгімеге араласып отырды. Тіпті, өлең оқып, ән айтқандары болды. Өзін Бориспін деп таныстырған орыс баласы қазақшаны ана

етіп тәрбиелеп отырғаны үлкен ерлік... Олар бізден емес, біз олардан тағылым алып қайтқандаймыз», – деп ризалығын білдірді.

Желтоқсандықтардың «Патриоттық рух – басты құндылық» жобасы бойынша қайырымдылық шаралары жалғасуда. Осылайша олар патриоттықтың ғана емес, қайырымдылықтың да үлгісін көрсетуде. Іс-шараларды Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен Халықаралық «Жанашыр» қоғамдық қоры ұйымдастыруда.

ТАҒЫМ

Батыр есімі ұлықталды

Алматыда Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында Ратай Сұлтанбековтің есімі мен ерлігін өскелең ұрпаққа дәріптеу мақсатында іс-шара өтті.



Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің №4 бөлімшесінде қазақ батырының ерлігі дәріптелді. Кітапхана меңгерушісі Сағын Иманбаева, батырдың немере інісі Кенішбек Сұлтанбековтің мұрындық болуымен іргелі басқосу болды. Аталған жиынға Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ермек Зікіриянов, еңбек ардагері Есет Амантаев және колледж студенттері, оқушылар қатысты.

Жиынды жазушы Ермек Жұмахметұлы ашып, батыр Ратайдың қайсарлығын сөз етті. Р.Сұлтанбеков Екінші дүниежүзілік соғыста небәрі 21 жасында батальон басқарып, қиян-кескі ұрыста ерліктің ерен үлгісін көрсеткендігін айтты. Осының

баршасы кітапқа жазылғандығын мәлімдеді. Содан кейінгі ойды туысы Кенішбек, жерлесі Есет ақсақалдар жалғады. Олар оғланның тарихтағы беделі, айбыны, жаужүректілігі, өр рухтылығына тоқталды. Халқымыздың арда ұлының есімі өшпес үшін Алматыдан көше берілсе деген тілектерін де жеткізді. Жиында қазақы нақышта қобыз, домбыра үні естілді. Патриоттық бағыттағы ән-күй шырқалды.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ҒЫЛЫМИ ЖОБА

Мамонтты 5 жылда жер бетіне қайтармақ

Қыркүйекте америкалық ғалымдар тобы мен жеке кәсіпкерлер Colossal компаниясымен бірлесіп, жүндес мамонттарды тірілту жоспарын жариялаған еді.



Ол үшін ғалымдар гендік инженерия технологиясын қолданып, мындаған жыл бұрын жойылған жануарлардың мұзда-тылған эмбриондарын негізге алған.

Осыдан екі жарым жыл бұрын технолоия саласындағы кәсіпкер әрі инвестор Бен Ламм Гарвардтағы атакты генетик Джордж Черчпен одақтасып, гендік инженерияға негізделген стартапты қолға алған болатын.

Компанияға бірнеше коммерциялық демеушіден 15 миллион долларға жуық қаражат құйылған. Олар Азияда мекендейтін піл мен мамонт қалдықтарының гибридин будандастырып, осыдан 4 мың жыл бұрын жойылып кеткен жабайы жануарды тірілтеміз деп отыр.

Черчтің сөзінше, демеушілер қатарында Ламмнан бөлек, атакты Draper Fisher Jurvetson компаниясының негізін қалаушы Тим Дрейпер мен танымал бизнес коучинг шебері Энтони Роббинс те бар.

«Кейінгі жылдары зертханалық жобаларымыздың бюджеті 100 000 доллардан асқан емес. Қазір жағдай өзгерді. Көптеген беделді компания қызығушылық білдіріп, қаржылай қолдау көрсетуде. Ең маңыздысы, инвесторлар жобамызға бизнес ретінде қарамай, теңдессіз ғылыми жаңалық деп қарастырып отыр. Біз осы уақытқа дейін өз бастамамыз бойынша ешқандай мәлімдеме жасамадық және ешкімнің алдына барып алақан жаймадық. Бүгінге дейін қол жетпес армандай көрінген жоба Бен Ламмның келуімен екінші тынысы ашылғандай болды. Себебі, стартап тиісті деңгейде қаржыландырылмаған еді», – дейді Джордж Черч.

Егер генетика ғалымдарының жобасы іске асса, арнайы зертханада туған жүндес мамонттар 6 жылдан кейін-ақ жер бетіне оралуы әбден мүмкін.

«Жұмыстың қарқыны керемет, демалыс жоқ. Күн-түн демей еңбек етіп жатырмыз. 2027 жылға қарай зертханадан шыққан алғашқы мамонттарды тундраға жіберуді көздеп отырмыз. Бұрындары осы сұраққа жауап беру өте қиын болатын. Қазір бастаған ісіміздің нәтижесі шығып жатқанын білеміз», – деді ол.

Джордж Черчтің айтуынша, генетика тұрғысынан қарағанда мамонт азиялық пілге өте қатты ұқсайды. Модернизацияланған мамонттың жылы терісі, май қоры және алып тістері болады.

«Азиялық пілдер де жоғалудың алдында тұр. Оларды құртып жатқан екі мәселе бар. Бірі – герпес вирусы болса, екіншісі – адамдарға жақынығы. Сол себепті, олар тегіннен зерттеу нысанына алынып отырған жоқ. Colossal генетикалық модернизацияланған, герпес вирусына төтеп беруге қауқарлы және өте төмен температураға төзе білетін азиялық пілдерді өндіремекші. Бірақ олардың сырт келбеті мен жүріс-тұрысы мамонтқа ұқсайды.

Генетикалық түрлендірілген піл алдымен жасанды эндометрияға имплантацияланады, содан кейін жатырға ұқсас қатшықта өсіп шығады. Бұл бір сандырақ сияқты естілуі мүмкін, бірақ менің зерттеу тобым 23 піл мен өлі мамонттың гендерін талдап шыққан. Біз азиялық пілді жүндес мамонтқа айналдыру үшін 50-ден астам генетикалық кодқа өзгеріс енгізу қажет екенін анықтадық», – деп сендірді ол.

Стартап авторы Арктиканы жүндес мамонттармен қайта толтыру арқылы қазіргі уақытта метан орналасқан мұз еруін бәсеңдетіп, жаһандық жылынудың алдын алуға болатынын айтады.

«Бұл жоба адамзаттың басына түскен талай мәселені шешіп бере алады. Егер жүндес мамонттар тірілсе, біз оларды Арктикаға жібереміз. Мамонттар ондағы фаунаның алуандығын қамтамасыз етіп, эрозиядан сақтайды. Жүндес мамонт қажет ететін жасыл желек күн сәулесінің бірқалыпты деңгейде түсуіне ықпал жасайды. Бір сөзбен айтқанда, мамонттардың көмегімен жаһандық экожүйені қалыңға келтіруге болады», – дейді Джордж Черч.

Сөз соңында америкалық генетик жоба сәтті жүзеге асса, алдағы уақытта жойылған не жойылудың алдында тұрған басқа да жабайы аңдардың мәселесін қолға алатынын айтып отыр.

Бетті дайындаған
Әсел ДАҒЖАН.



ҚОЛДАУ



ҚИЫНДЫҚТЫ БІРГЕ ЕҢСЕРЕМІЗ

Алматылықтардың әл-ауқаты – қала басшылығының үнемі назарында. Бюджет қаржысының көп бөлігі осы салаға бөлінетіндігі де сондықтан.

Міне, биылғы жылды да еңсеріп келеміз. Осы кезге дейінгі 10 ай ішінде талай жұмыс еңсерілді. Мәселен, Алматы қалалық Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының мәліметтеріне сүйенер болсақ, әлеуметтік төлемдерді әл-ауқаты төмендеу 59 мың азамат алған. Оның 24 мыңы атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылған болса, 5,5 мың бала кепілдендірілген әлеуметтік пакет иеленген. Ал тұрғын үй көмегін 1623 аз қамтылған отбасы алды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мүгедек ересектер мен балаларға, жалғыздікті зейнеткерлерге, тұрмыстық зорлық-зомбылық және адам саудасы құрбандарына, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мұндай қызметтерді Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасына қарасты 10 медициналық-әлеуметтік мекеме және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша 16 үкіметтік емес ұйым көрсетеді.

Арнайы әлеуметтік қызметтерді осы 10 ай ішінде 7551 адам стационар (1139), жартылай стационар (1230), үйде (3918), уақытша болу (1066) жағдайында алған. Бұдан басқа, даму патологиясы бар және туғаннан 3 жасқа дейінгі қауіпті топтағы балаларға мүгедектіктің ауыр жағдайлары мен әлеуметтік жетімдіктің алдын алу үшін кешенді қызметтер көрсету бойынша «Ерте араласу» жобасы іске асырылуда, онда 128 бала қамтылған. Стационар жағдайында психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан адамдарға арналған 2 дербес тұру орталығы жұмыс істейді, онда 40 адам бар.

Жалпы, қалада 53 620 мүгедек жан тұрады. Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектер оңалтудың техникалық көмекші құралдарымен (сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен, кресло-арбалармен, протездік-ортопедиялық көмекпен және т.б.), әлеуметтік қызметтермен (санаторий-курорттық сауықтырумен, жеке көмекшінің, «инватаксидің», ымдау тілі маманының қызметтерімен) тегін қамтамасыз етіледі. Жыл басынан бері оңалтудың техникалық көмекші құралдарымен 19 530 адам қамтамасыз етілді.

2021 жылдан бастап мүгедек адамдардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оңалту құралдарын өз бетінше таңдау

мүмкіндігін беретін «Әлеуметтік қызметтер порталы» іске қосылған болатын. Бұл ретте мемлекеттік сатып алу рәсімдерін алып тастау арқылы оларды алу мерзімдері қысқартылады. Биыл 24 486 мүгедек адамды портал арқылы оңалту құралдарымен және әлеуметтік қызметтермен («Инватакси» қызметінен басқа) қамтамасыз ету жоспарланған. Жыл басынан бері «Инватакси» тасымал қызметінде 39 көлік жүріп тұр.

Мүгедек адамдарды әлеуметтендіру және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу мақсатында өткен жылдан бастап «ТенQogam» мүгедек адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы» жобасы іске қосылды, онда мүгедек адамдарға ақпараттық-кеңестік, заңдық және психологиялық қолдау көрсетіледі. Олардың қоғамнан тыс қалмауына, жұмысқа орналасуына жәрдемдеседі және ортаға бейімдеу мақсатында тұрмыстық және әлеуметтік дағдыларға үйретеді. Жоба нәтижесінде 10 ай ішінде 584 адам қызмет алған.

Мүгедектерге өз құқығын іске асыру бойынша тең мүмкіндіктер беру мақсатында мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылымға қол жеткізуін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде, ол объектілерді паспорттауды және бейімдеуді қамтиды. Биыл осы кезге дейін 205 нысан паспортталған.

Алматы қаласының Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы тарапынан өмірлік қиын жағдайларға тап болған отбасыларға қайырымдылық көмектер ұйымдастырылып тұрады. Мәселен, шаһарда «Ыстық түскі ас» қайырымдылық акциясы бүгінде дәстүрге айналған. Акция шеңберінде «Ізгіліктің бастауы» қайырымдылық қорымен бірлесіп жалғыздікті егде жастағы кісілерге түскі ас ұсынылап келеді. Әзірге «Ыстық түскі аспен» 757 адам қамтылып келеді.

Биылғы 10 айда аз қамтылған 21 отбасыға азық-түлік жиынтығы түрінде қайырымдылық көмек көрсетілген. Осылайша біз барлық қиындықты бірге еңсереміз.

ҚҰЖАТТАНДЫРУ

ӘЛІ ДЕ КЕШ ЕМЕС



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматы тұрғыны 56 жасында алғаш рет жеке куәлігін рәсімдеді. Көші-қон полициясының қызметкерлері ешбір құжатсыз және әлі күнге дейін Кеңес Одағының ескі үлгідегі паспортымен жүрген азаматтарды анықтау мақсатында кешенді жұмыстар жүргізуде. Азаматтар қолдарында ешқандай құжат болмағандықтан біраз мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде денсаулық сақтау, білім алу, әлеуметтік көмек, зейнетақы сияқты қызмет түрлерін мүлдем ала алмайды. «Мұндай тұлғаларды анықтау оңайға түспейді. Себебі, ондай адамдардың азаматтығын анықтап, жеке төлқұжат рәсімдеу үшін біршама уақыт керек. Жыл басынан бері біздің аудан бойынша жеке куәлігі жоқ 14 азамат анықталды», – дейді Алматы қаласы Түркісіб аудандық полиция басқармасының бастығы Еркін Амантаев.

Құжатсыз жүрген азаматтардың бірі 1965 жылы туған Бейбіт Хасенов. Қазақстан Республикасының жеке куәлігін рәсімдеп, көпшілікке өз қуанышымен бөлісті. «Өмірімде қиын жағдайларды бастан өткізгендіктен, құжат түгендеуге жағдайым келмеді. Кеңес заманындағы паспортыммен жұмысқа тұра алмадым. Әлеуметтік және медициналық көмектерді де ала алмадым. Мені іздеп, жеке



куәлігімді қолыма табыстаған қызметкерлерге ерекше алғысымды білдіремін», – дейді ол. Естеріңізге сала кетсек, жеке басты куәландыратын құжаттар – жеке куәлік пен төлқұжат 10 жылға берілетіндіктен, адамдар көбіне оның мерзіміне қарауды ұмытып кетеді. Сондықтан аталған корпорация жеке куәліктер мен төлқұжаттардың мерзімін жиі тексеріп, уақыты таяса, оны ауыстыру үшін ХҚКО-ға кезекті алдын ала брондау қажеттігін ескертеді. Мамандар құжаттың мерзімі өтіп кетсе, әкімшілік айыппұл салынуы мүмкін екенін айтады.

Еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты Халыққа қызмет көрсету орталықтарына бару үшін кезекті алдын ала брондау тәртібі енгізілді. Кезекті брондау қызметі тегін және ресми түрде egov.kz порталы, телеграм-бот EgovKzBot 2.0 қосымшасы және 1414 байланыс орталығы арқылы ұсынылады.

БАСТАМА

ТАҒАМ ЖЕТКІЗУШІЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТӘРТІП КҮШЕЙТІЛМЕК

Алматыда тағам жеткізушілері де енді тәртіпке бағынатын болады. Полиция департаменті енді олардың сөмкесін нөмірлеуді ұсынып отыр. Бұл көп жағдайда жол апатының себепкері болатын мопед пен скутер жүргізушілерінің жауапкершіліктен қашып құтылмауына түрткі болмақ. Тәртіп сақшыларының бұл бастамасына бірден 2 бірдей ірі компания қолдау білдірген.



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Тамақ тасымалдайтын ірі желілердің бірі сөмкелерді нөмірлеуді бір жыл бұрын бастапты. Барлық қораптың үш жағынан жеке нөмірлер жабыстырған. Ал компания бастылығы қызметкерлерге күнделікті түсіндіру жұмыстарын жүргізеді екен. Қандай да бір тәртіпбұзушылық болған жағдайда жауапкершіліктен қашпаймыз дейді.

– Біз өз қызметкерлеріміз үшін қатты алаңдаймыз, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткіміз келеді. Сондай-ақ, бұл тұтынушылармен кері байланыс орнатуға көмектеседі. Қандай да бір арыз-шағым болса, сол нөмірді айтып жауаптыларға

хабарласса болады. Осылайша қызмет сапасын арттыруды көздейміз, – дейді тағам жеткізуші компанияның операциялық директоры Ильхам Исмаилов.

Көбіне тамақ тасушылар қарапайым ережелерді ескермейді. Олар тапсырысты тез жеткізу үшін кейде тіпті жаяу жүргіншілер жолына шығып кетіп, мопедпен адамдарды қағып кетуі де мүмкін. Бұрындары оларды табу мүмкін болмайтын. Өйткені, бәрінің сөмкесі бірдей әрі онда нөмірлері көрсетілмейтін. Енді оларды нөмірлесе, тәртіпбұзушылық орын алған жағдайда ізін суытпай, тауып алуға болады.

Ал жол қауіпсіздігіне жауап беретін қауымдастық өкілінің айтуынша бұл бастама апатты жағдайдың алдын алу үшін жеткіліксіз дейді. Оның айтуынша, заң жүзінде өзгерістер енгізу қажет.

– Біз Ішкі істер министрлігі мен Парламент Мәжілісіне мопед секілді көліктерді тіркеу туралы мәселені қайта қарастыруды ұсынып отырмыз. Оларға мемлекеттік нөмір берілуі керек. Сонда сақтандыруды рәсімдеу, не болмаса жауапкершілікке тартуды бақылауға болады, – деді «Жалпы жол» қауымдастығының президенті Арсен Шәкуов. Полиция департаментінің мәлімдеуінше, жыл басынан бері тағам тасымалдаушылардың қатысуымен 250-ден астам жол көлік оқиғасы тіркелген. 270 адам зардап шегіп, 5 адам қаза тапқан.



ТАЛБЕСІК

АНАНЫҢ УАЙЫМЫ – БАЛАНЫҢ ҚАМЫ



Айнұр
СЕНБАЕВА

Әлемдегі барша аналардың ең басты арманы балаларын «қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» өсіріп, жеткізу. Қазіргі кезде заман ағымы зулаған сайын баланың қажеттіліктері де көбейіп кеткендей. Ата-ана балаларын қатардан қалдырмай жеткізу үшін күндіз-түні тынбай жұмыс істейді. Әсіресе, баласын әкесіз, жалғыз өсіріп отырған аналарға оңай емес. Тағдырдың жазуымен жалғыздықтың қасіретін тартып жүрген нәзікжандылар ең бірінші өзіне сенеді.

Арқасүйері болмағандықтан әйелдердің көбі отбасын асырау үшін жұмыс істеуге мәжбүр. Тауып отырған нанынан айырылып қалмау үшін ел қатарлы жұмыс орнының барлық талаптарына сай еңбектенуге тырысады. Таңның атысы, күннің батысы үй қарасын көрмейтін әйелдердің балалары ананың жылуына зәру болатыны рас. Балаларды қарасатын туған-туысы болса жақсы, болмаса әйел адам үйі мен жұмысының арасында әбден әбігерге түсетінін көріп жүрміз.

Дария күйеуінен жастай қалды. Жандос екеуі оқуларын бітіріп, дипломдарын алған соң қол ұстасып отбасылық өмірге қадам жасаған еді. Жас отбасының материалдық жағдайы керемет болмаса да, ел қатарлы еңбектенді, екі баланың ата-анасы атанды. Тұңғыштары мектеп жасына жеткен кезде сұм ажал Жандосты ерте алып кетті.

«Жандос жол апатынан қайтыс болыпты дегенді естігенде өмірім осы жерден аяқталғандай көрінді. Жолдасымды жерлегеннен кейін неше күн сұлық түсіп жаттым. Менің мұндай күйге түскенімнен қатты шошыған үлкен ұлым қатты жылап, өзінің бетін тырнап тастапты. Сол кезде дереу есімді жидым. Мен балаларымның болашағы үшін жауапты екенімді, солар үшін өмір сүру керек екенімді ұқтым. Жандос тірі кезінде үй



алуға қатты асықты. Жас отбасымыз ғой, кредитті төлей алмай қалсақ қайтеміз, ипотеканы қоя тұрайық дегеніме қарамастан, Алматыдан екі бөлмелі үйді ипотекаға алдық. Өзінің аразыздан ерте кететінін сезгендей бізге баспана әперіп кетті. Сол үйдің ай сайынғы төлемі бар, балалардың тамағы мен киім-кешегі, балабақшасына төлейтін ақшамыз бар, соның бәрін өзім көтеруге мәжбүр болдым. Шүкір деймін, алдымнан үнемі жақсы адамдар кездесіп тұрды. Жұмыс беруші бастығым, ұжымым қолдау көрсетіп, жұмысты қашықтан істеуге жағдай жасады. Қазір үлкен ұлым мектеп бітіретін жасқа жетіп қалды, үйіміздің қарызынан да құтылатын күн жақын. Әрине, қиналған күндер, ұйқысыз түндер көп болды. «Әйелдің қырық жаны бар» деген сөз бекер емес екен», – дейді Дәрия.

Біздің қоғамда Дәрия секілді баласы үшін аяңбай тер төгіп жүрген әйелдер баршылық. Кейбір толық отбасылардың өзі балаларына дұрыс жағдай жасай алмай, пәтерден-пәтерге көшіп жүреді. «Қара қазан, сары бала қамы үшін» жұмыс істейміз деп, балаларды қараусыз қалдыратын отбасылар

қаншама. Ата-ананың қарауынсыз қалған балалардың түрлі қайғылы жағдайға ұшырап жатқаны жанға батады. Қаншама әйелдер баласын үйде жалғыз қалдырудан қорқып, өзімен бірге жұмыс орнына сүйреп жүреді.

Ендігі уақытта осындай жағдайлардың алдын алу үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі ана мен баланы қолдау екенін біраздан бері айтып келеді. Таяуда Мемлекет басшысы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысында осы мәселеге қатысты тағы да ой қозғады. Президент әйел адамдар бала күтімімен ұзақ уақыт отырғанда кәсіби қабілетін төмендетіп алатынын, тіпті жалғызбасты ата-аналарға мұндайда тіпті қиынға соғатынын айтып, оларға ерекше еңбек жағдайы жасалуы керек екенін атап өтті.

Елімізде әйел адамдардың отбасылық, тұрмыстық жағдайына қарай жеңілдік жасайтын ұжымдар бұрыннан бар десек те, Мемлекет басшысының сөзінен кейін біраз жұмыс беруші нәзікжандыларға барынша қолдау көрсетіп, алаңсыз жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасайтыны сөзсіз.

өте шығатын. Анасы байғұс «тыныш, тыныш» деп баласын тыныштандыра алмай, бәріміздің қас-қабағымызға қарап жүретін. Тастайтын жер жоқ дейді. Пәтерде, бір бөлмесін жалға алады. Тынымсыз, мазасыз баланы жалғыз қалдыруға қорқады. Президенттің жалғызбасты аналардың қашықтан жұмыс істеуі туралы, жұмыс орындарынан балалар бөлмесін ашу туралы айтқаны қатты ұнады. Неге

екенін сол әріптесім есіме түсті. Өйткені, ана қызға қарап «Неге осы жұмыс берушілер бір бөлмені балаларға арнап ашпайды екен, онсыз да қанама кабинет бос қой» деп жаным ашып, ойлап жүруші ем. Енді Мемлекет басшысының айтқаны қағазда ғана қалмай, тез орындалса ғой. Үлкен жақсылық болар еді. Біз білетін-білмейтін қаншама жалғызбасты аналар бар қиналып жүрген, сенесіздер ме!

Гүлнұр ИМАНДОСОВА,
журналист:

– Телеарнада жұмыс істеп жүргенімде бір жалғызбасты келіншек жұмыс істеді. Режиссердің көмекшісі болатын. Оны қатты аяйтын едім. Түске таман келеді, 5-6 жастағы баласын ертіп, кешке дейін жүреді. Бала емес пе: жүгіреді, айқайлайды. Баласы жоқ әріптестер қайдан түсінсін, ана балаға қабағын шытып

МЕРЕЙ

10 жылда 50 мыңнан аса сәби дүниеге келді

Шаһардағы
Перинатология және
балалар
кардиохирургиясы
орталығының
ашылғанына 10 жыл
толды.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қаншама нәрестенің дүниеге келуіне септескен медициналық мекеме өзінің айтулы мерейтойын ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында атап өтуде. Орталықтың осындай қуанышын бөлісуге әлемнің түкпір-түкпірінен мамандар жиналды.

аса сәбидің дүниеге келуіне септесіп, жүрек ақауы секілді түрлі дертке ота жасалғанын алға тартты.

«Қазіргі таңда жүрекке 2 мыңнан аса ота жасалды. 4500-ден астам бала біздің стационар базасында амбулаторлық ем алды. Кейде салмағы бар-жоғы 500 грамм нәрестелер дүниеге келеді. Бүгінге дейін 4180 шала туылған бала тіркелген. Олардың бәріне жоғары санаттағы мамандар қажетті көмек көрсетті», – деді Алматы қалалық Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының бас дәрігері Гүлнар Нұрланова.

Жиын «Балалар кардиохирургия саласының өзекті мәселелері», «Неонатология» және «Еліміздегі акушерлік пен гинекология, медициналық генетикадағы диагностика» секілді 3 түрлі



Атап айтқанда, Италия, Ресей, Украина, Тәжікстан, Нидерланды секілді елдердің тәжірибелі мамандары бас қосып, құрсақтағы баланың денсаулығы және дүниеге келгеннен кейінгі күтімі туралы түрлі тақырыпта өзекті мәселелерді тілге тиек етуде. Осы ретте орталық бас дәрігері медициналық мекеме бүгінге дейін 50 мыңнан

секцияға бөлініп өтуде. Мамандардың айтуынша, балалардың жүрек ақауымен дүниеге келуіне түрлі факторлар себеп болады екен. Мәселен, тұқымқуалаушылық, түрлі жарақат немесе инфекциялық аурулар ана құрсағындағы сәби денсаулығына әсер етуі мүмкін. Сондықтан дәрігерлер қыз-келіншектерге жүктіліктің алғашқы үш айында сақ болуға кеңес береді.

БӘРЕКЕЛДІ

ЮНЕСКО шеңберінде атап өтіледі

ЮНЕСКО Бас конференциясының
41-сессиясында 2022-2023 жылдарға арналған
халықаралық естелік күндер күнтізбесін бекіту
туралы арнайы қарар қабылданды.



Әсел
ДАҒЖАН

Оған Қазақстанның ұсынысы бойынша лингвист және әдебиетші Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы мен әнші Роза Бағланованың 100 жылдығы кірді.

2022-2023 жылдарға арналған мерейтойлар тізіміне ұйымға мүше мемлекеттер ұсынған барлығы 67 атаулы күн кірді. Бас конференция шеңберінде Қазақстан жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша 2021-2025 жылдарға арналған ЮНЕСКО-ның екі субсидиарлық органының үкіметаралық кеңестерінің-үкіметаралық гидрологиялық бағдарламасының және коммуникацияларды дамытудың халықаралық бағдарламасының құрамына сайланды.

Естеріңізге сала кетейік, ЮНЕСКО қамқорлығымен көрнекті ағартушының 150 жыл-

дығын мерекелеу туралы бір ай бұрын Ақордада айтылған болатын.

Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев Ахмет Байтұрсыновтың «Алаш» партиясы көшбасшыларының бірі, көрнекті ағартушы, реформатор ғалым, қазақ лингвистикасы мен әдебиеттанудың негізін қалаушы ретіндегі ерекше рөлін атап өтті.

«Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының гүлденуі мен әл-ауқаты үшін өз өмірін жанқиярлық еңбекке арнаған ұлы тұлғалардың бірі. Сонымен қатар, Алаш-орданың болашақ ұрпақтарының сауаттылығы мен біліміне жол аша отырып, Ахмет Байтұрсынов елімізді озық мемлекеттер қатарынан көруді армандады. Ол: «адамдар көп нәрсені түсінбейді, бірақ мен оларға ренжімеймін. Олар бүгінгі күнмен өмір сүреді, мен алдағы күн туралы ойлаймын», – деп болашаққа кам жегенін айтты.

ЖАҢАЛЫҚ

2022 жыл – Ахмет Байтұрсынұлы жылы

2022 жыл Ахмет Байтұрсынұлына арналады. Бұл туралы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған «Ұлы дала ақыны» атты халықаралық конференцияда ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев мәлімдеді.

– Өткен жылдары Әл-Фараби мен Абай жылы аталып өтсе, биыл Жамбыл жылы тойлануда, келесі жылды Ахмет Байтұрсынұлына арнау көзделіп отыр. Яғни ұлы тұлғаларымызды ұлықтау ісі жүйелі

түрде жүріп жатыр, – деді Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары.

Конференцияда «кітап – мұнай» дан да қымбат қазына» екені айтылды. Сондықтан кітап оқитын ұлтты қалыптастыру бағытында отандық шығармаларды шығару көлемін арттыру көзделген.

– Біздің мақсат – азаттықты ардақтап, Отанымызды одан әрі нығайтып, келер буынға табыстау. Өскекең ұрпақ бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру. Сапалы білім мен

саналы тәрбие – ұлтымыздың ұлы, ұрпағымыздың ұлағатты болуының кепілі. Әлем жылдам өзгеріп жатқан уақытта дамыған мемлекеттер көшінен қалмаудың бірден-бір жолы – осы. Жамбылдан жеткен өнегелі өсиеттің де табан тірер тұғыры, тамыр тартар тереңі – осы айнымас құндылықтарда. Сондықтан Жамбыл мұрасын жаңғыртып, жан-жақты насихаттау ісі күн тәртібінен түспейді, – деді Дәурен Абаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕЖЫЛ
30

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Төрехан
ДАНИЯРОВ

Қазір біз ел дамуының шешуші кезеңіне қадам бастық. Мемлекеттік аппарат біртұтас құрылым ретінде жұмыс істеуге міндетті. Солай болған жағдайда ғана біз көздеген мақсаттарымызға қол жеткіземіз. Мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Өткен 2019 жыл еліміз үшін аса маңызды оқиғаларға толы болды. Өз өкілеттігін тоқтатқан Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық жолы сақталатындығын мәлімдеген жаңадан сайланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы ел дамуына жаңа серпін әкелді. Қазақстан үшін тарихи дамудың жаңа кезеңі басталды. Халық пен билік арасындағы диалогты күшейту үшін маңызды реформалар ұсынылды. Жаңа Президент әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға қолдау көрсету үшін бұрын-соңды болмаған бірегей шешім қабылдады. Соның арқасында 500 мыңнан астам борышкердің қарызы айтарлықтай азайды. Бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы, зейнетақы, жәрдемақ және студенттердің стипендиясын көбейтетін болды. Шағын және орта бизнесті қолдау үшін теңдессіз шаралар қабылданды. Жаңа жұмыс орындары ашылатын болды. Жаһандық тұрақсыздыққа қарамастан ел экономикасы орнықты даму жолына түсті. 2020 жылы қазақстандықтардың тұрмыс сапасын жақсарту жолында нақты шаралар қолға алынды. Nur Otan партиясы халықаралық тәжірибеде мойындалған партияшыл іріктеу тәсілі – праймеризді елімізде қолданысқа енгізді.

2020 жыл – Еріктілер жылы деп жарияланды. Бұл жылы да тарихи атаулы даталар мен елеулі оқиғалар аз болған жоқ. Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылдануының 30 жылдығы, Қазақстан Конституциясының 25 жылдығы, әлем мәдениетінің тасқа таңбаланған маңызды құндылығы – Тоныкөк ескерткішінің 1300 жылдығы, қазақтың Бас ақыны, ұлы хакім Абайдың – 175, адамзаттың ақыл-ойының шамшырағы Әл-Фарабидің – 1150, Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойлары, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуының ширек ғасырлық мерекесі – міне осы даталарға орай іс-шаралардың барлығын ысырапшылдыққа жол бермей, мазмұнды ой тудыратын деңгейде өткізу жоспарланды.

Алайда, 2020 жылға жоспарланған саяси-экономикалық, мәдени-рухани, мерекелік іс-шаралардың барлығына дерлік шектеу қоюға тура келді. Адамзат баласы бастауын Қытай елінен алып, әлемді шарпыған алапат



Қасым-Жомарт Тоқаев Семей қаласына жұмыс сапары аясында «Ұлы ақын Абай ұлдарымен» ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысты. Аталған композиция данышпан Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай ашылды. Президент Жидебайға арнайы келіп, «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені мен ақынның мұражай-үйінде атқарылған жұмыстармен танысты. Ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойы аясында мемориалдық кешен мен Абайдың мұражай-үйі



жөндеуден өтіп, заманауи талаптарға сай қайта жаңғыртылған. Кіреберісінен басталатын жаяу жүргіншілердің жолынан бастап кешеннің үстіне шығаратын жолға дейін гранит тас төселген. 200-ге жуық шырыша түптері егіліп, амфитеатрдың төбесі күмбезделген және кіреберіс алаңға үлкен конструкциялық жобалар жасалған. Қазақстан Президенті атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, мемориалдық кешен мен мұражай-үйіне естелікке кітаптар сыйлады.

вирустың құрсауында қалды. Қауіпті індетпен жаһандық күрес басталды. Бұл күресте сын-қатерлер аз болған жоқ.

Ел билігіне шұғыл шаралар қолдануға, қауырт қимылдар мен іс-әрекеттерге баруға тура келді. Коронавирус инфекциясының жылдам өршуіне байланысты санэпидемиаларға қатаң бақылау күшейтілді. Қытай еліндегі Қазақстан азаматтарын елге жеткізуге шешім қабылданды. Наурыз айының 13-інде елімізде COVID-19 инфекциясының алғашқы жағдайы тіркелді. Ал 20 наурыздан бастап коронавирустың ушығуына байланысты тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет елімізде төтенше жағдай енгізілді. Қалааралық көлік қозғалысы жабылып, мемлекеттік шекарадан өтуге шектеу қойылды. Сәуір айында мемлекет пандемия салдарынан кірісін жоғалтқандарға 42 500 теңгеден әлеуметтік төлемдер төлей бастады. Осы айдан бастап оқушылар қашықтан оқуға көшірілді. Отандық телеарналарда мектеп оқушылары

үшін қосымша бейнесабақтар ұйымдастырылды. 11 мамырдан елімізде төтенше жағдай тоқтатылғанымен, карантиндік шектеу шаралары сақталып қалды. Бұқаралық іс-шараларға тыйым салынды.

Барлық ойын-сауық орындары да жабылды. Шілде айынан Қазақстанда локдаун режимі жұмыс істей бастады. Аймақтар арасындағы автобус қозғалысы тоқтатылды. Қауіпті індеттен қайтыс болғандар үшін 13 шілде Ұлттық аза тұту күні болып жарияланды. 17 тамызда елде карантин жеңілдетіліп, бұрын жабылған кейбір нысандарға жұмыс істеуге рұқсат берілгенімен, демалыс күндері локдаун және бетперде тағу режимі қатаң сақталды. Жаңа оқу жылы басталған қыркүйек айынан бастап мектептер мен жоғары білім беру орындарында, кәсіпорындар мен мекемелерде, жалпы қоғамда қашықтан оқу, онлайн жұмыс терминдері қалыптасты. Қазан айында зейнетақы жинағын емделуге және баспана сатып алуға жұмсауға

мүмкіндік берілетіні, оған кім үміт арта алатыны жөнінде әңгіме қозғалды. Желтоқсанда бокстан орта салмақтағы IBF және IBO тұжырымдары бойынша әлем чемпионы қазақстандық боксшы Геннадий Головкин поляк Камил Шереметамен жұдырықтасып, титулдарын 21-рет қорғап қалып, жаңа рекорд орнатты. Шеремета төртінші рет нокаутқа түскеннен кейін кездесуді жалғастырудан бас тартты. Қазақстандық боксшы техникалық нокаутпен жеңіске жетті.

Тағы бір ажқолтай ақпарат, егер БЖЗҚ-да қаражат жинағандардың зейнетақысы жеткіліктілік шегінен асып тұрса, оның артығын алуға болатыны көптеген қазақстандықтар үшін жақсы жаңалық еді. Қараша айында дидак Иманбек Зейкенов тарихқа Грэммиге ұсынылған алғашқы қазақстандық ретінде енді. Ол Billboard жыл сайынғы кестесінде Black Eyed Peas, J Balvin, Lady Gaga және Kygo-ны басып озып, бірінші орынға шықты.

Тәуелсіздік шежіресі

2020

ЖЫЛДЫҢ
БАСТЫ
ОҚИҒАЛАРЫ

1. 2020 жыл – Еріктілер жылы. Праймериз.
2. Ұлы Абайдың 175, Әл-Фарабидің – 1150, Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойлары, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы.
3. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық

4. ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрылуы.
4. Зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын баспана сатып алуға және емделуге жұмсауға мүмкіндік беру жөніндегі шешім.
5. COVID-19 коронавирус инфекциясымен күрес. Елімізде төтенше жағдайдың енгізілуі.

4 қаңтар



Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Әкімшілігі басшылығымен 2020 жылғы жұмыстардың басым бағыттары жөнінде жиын өткізді. Жиында еліміздің әлеуметтік-эконо-

микалық, қоғамдық-саяси дамуы мен сыртқы саясат жөніндегі мәселелері талқыланды. 2020 жылға жоспарланған негізгі іс-шаралар тізбесі қаралды. Абайдың 175 жылдығы мен Әл-Фарабидің 1150 жылдығын атап өтуді ұйымдастыру шаралары да пысықталды.

21 қаңтар


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазақтың ұлы ойшылы, ғұлама ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойының басталуына арналған салтанатты шараға қатысты.



27 қаңтар

Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктерінің іскер топтары өкілдерінің қатысуымен өткен «Дөңгелек үстелде» Қазақстанның экономикалық және инвестициялық әлеуеті туралы айтты. «Қазақстанда Біріккен Араб Әмірліктерінің 350-ге жуық заңды тұлғалары, филиалдары мен өкілдіктері табысты жұмыс істейді. Бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жөнінде құны 11 миллиард доллар болатын ауқымды жоспар бар», – деді Президент.

28 қаңтар



Қазақстан Президенті Біріккен Араб Әмірліктерінің Вице-президенті, Премьер-Министрі, Дубай билеушісі шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактуммен кездесті. Екі елдің өңірлік және жаһандық деңгейдегі серіктестік мәселелері талқыланды.

29 қаңтар

Алматыда Әбу Насыр Әл-Фарабидің мерейтойының басталуына арналған салтанатты шара өтті.

2 ақпан



Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында Нұр-Сұлтан қаласына ресми сапармен келген АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Майкл Помпеоны қабылдады. «Америка Құрама Штаттары – Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындаған ел. Біз бұл тарихи фактіні үнемі есімізде ұстаймыз. Мемлекеттеріміз арасында көптеген бағыт бойынша, оның ішінде, ядролық қаруды таратпау, халықаралық терроризммен күрес және экономикалық ынтымақтастық секілді салаларда тығыз қарым-қатынас орнаған. Сонымен қатар, өзара



30 ЖЫЛДЫҢ 30 СӘТІ



2020 жылғы 24 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына орай Мәскеуде, Қызыл алаңда өткен әскери парадқа қатысып, «Белгісіз солдат» қабіріне гүл шоғын қойды.

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің бастамасымен өткен салтанатты шараға 13 мыңнан астам әскери

қызметші, 216 әскери техника және әртүрлі 75 әскери ұшу аппараты сап түзеді. Қызыл алаңнан 53 жасуа әскер колоннасы, ТМД елдері және басқа да шет мемлекеттердің қарулы күштерінен құралған 13 топ салтанатты түрде сап құрап өтті. Аталған шараға Қазақстан Республикасының атынан десанттық шабуылдаушы әскери бөлімінің 55 сарбазы қатысты.

ықпалдастығымызды одан әрі дамыту мақсатында пайдалануға болатын әлеуетіміз де бар», – деді Қазақстан Президенті.

12 ақпан



Мемлекет басшысы «Birgemiz» атты республикалық Волонтерлер фронт-офисінің ашылу рәсіміне қатысты. «Qazvolunteer.kz» онлайн-платформасының жұмысымен танысты.

15 наурыз

Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы Президент Жарлығы жарияланды (2020 жылғы 15 наурыз, №285). Соған сәйкес Қазақстан Республикасының барлық аумағында 2020 жылғы 16 наурыздағы 08 сағат 00 минут пен 2020 жылғы 15 сәуірдегі 07 сағат 00 минут кезеңінде төтенше жағдай енгізілді.

25 наурыз



Қазақстан Президенті Ұлттық биотехнология орталығына барып, отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстарымен танысты. Орталық қызметкерлері Мемлекет басшысына ДНҚ жасанды синтез жолымен әзірленген және жұқпалы коронавирус ауруының жаңа түрін жылдам анықтауға мүмкіндік беретін полимеразды тізбекті реакция (ПЦР) негізіндегі тест жүйесін таныстырды.

10 сәуір

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бейнеконференция форматында «COVID-19 пандемиясымен күресудегі ниет-тестік және ынтымақтастық» тақырыбында өткен Түркі тілдес мемлекеттері ынтымақтастық кеңесінің (ТТМЫК) төтенше саммитіне қатысты.

14 сәуір

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бейнеконференция форматында өткен Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің жұмыс мәжілісіне қатысты.

Жиынның күн тәртібінде коронавирус індетінің таралуын болдырмау және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды.

27 сәуір

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдеме жасады. Еліміздегі ахуалға байланысты және Мемлекеттік комиссияның ұсынысына орай төтенше жағдай режимі 2020 жылғы 11 мамырға дейін ұзартылды.

27 мамыр

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысы өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» жаңа Заңға қол қойғанын атап өтті. Аталған Заң бойынша жиын өткізудің алдын ала ескерту қағидалары енгізілді. Жаңа заң азаматтардың бейбіт жиындар өткізуге конституциялық құқығын толық қамтамасыз етеді.

29 мамыр

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеу жасады. Президент тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-

сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырды.

13 шілде

Мемлекет басшысының Өкімімен 13 шілде – Жалпыұлттық аза тұту күні болып белгіленді. Осыған орай, түнгі сағат 00.00-ден бастап еліміздегі барлық Мемлекеттік Ту төмен түсірілді. Қазақстандықтар Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 12.00-де республика бойынша коронавирус пандемиясының құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алды.

1 қыркүйек

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Палаталарының бірлескен отырысында «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын жариялап, елімізді одан әрі дамыту стратегиясымен таныстырды.

25 қыркүйек



Қазақстан Президентінің Алматыға жасаған жұмыс сапары И.Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының жаңа филиалына барудан басталды. Қасым-Жомарт Тоқаев 500 адамға стационарлық медициналық жәрдем беруге арналған және заманауи құрылғылармен жабдықталған палаталарды аралап көрді.

21 қазан

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен «Ақорда» резиденциясында Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің бірінші отырысы өтті.

9 қараша

Мемлекет басшысы қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселесі бойынша кеңес өткізді. Жетілдірілген әліпби халқымыздың жазу дәстүрінде орныққан «бір дыбыс – бір әріп» принципіне толық сәйкес келеді, диграфтар, яғни бір дыбысты екі немесе одан көп таңбамен белгілеу принципі қолданылмайды. Бұл әліпби жобасында қазақ тілінің 28 дыбысы толық қамтылған.

8 желтоқсан

Мемлекет басшысы Волонтер жылының ресми жабылу рәсіміне қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Волонтер жылының табысты болғанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл жыл біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлем тарихында аса күрделі кезеңдердің бірі болғанына қарамастан, «қайырымды істер» жалпыұлттық идеясы он мыңдаған қазақстандықтың қайырымдылығы мен жанашырлығының арқасында өмір шындығына айналды.

14 желтоқсан

Мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар тапсыруға арналған салтанатты рәсім өтті. Мемлекет басшысы өз сөзінде жиынға қаты-



сушыларды Тәуелсіздік күнімен құттықтады. «Тарихы бай, тамыры терең Қазақ елі үшін бұдан асқан қастерлі құндылық жоқ. Оны ең қымбат қазынаға, ең асыл аманатқа балаймыз. Сондықтан бабалар аңсаған Тәуелсіздіктің қадірін жан-жүрегімізбен сезінеміз. Егемендік – әр халыққа бұйыра бермейтін баға жетпес бақыт. Тәуелсіздік шежіресі Тұңғыш Президентіміз – Елбасының тарихи тұлғасымен тығыз байланысты», – деді Президент.

ЖЫЛ ТҮЙІНІ:

Пандемия салдарынан 2020 жылға белгіленген атаулы мерейтойлар мен іс-шараларды, еліміздің басты ұлттық мерекелерін кең көлемде атап өту мүмкін болмағаны белгілі. Барлық жоспарланған іс-шаралар шектеулі форматта және онлайн-режимде өтті. Бірақ Президент тұжырымдағандай, бұл жағдай мерейтойлар мен мерекелердің құны мен маңызын еш төмендетпегенін аңғармайды. Мемлекет басшысы ұлық мерекелердің салтанатты рухы әр шаңырақты шаттыққа бөлеп, әр қазақстандықтың жүрегін қуанышқа толтыратынына сенім білдірді.

«Өтіп бара жатқан жыл күллі әлем жұртшылығының есінде қалатын ерекше жыл болды. Дүние жүзі бұрын-соңды болмаған алапат індетпен бетпе-бет келді. Біздің халқымызға да оның зардабы тиді. Осындай қиын кезеңде тұтас ұлт болып бірлігіміздің қадір-қасиетін жете сезіндік. Дертке шалдыққан әрбір адамның тезірек сауығып кетуін тіледік. Бірақ індет адам талғамайды. Пандемияның салдарынан көптеген азаматтарымыздан айырылып қалдық. Олардың ішінде елімізді өркендетуге зор үлес қосқан танымал тұлғалар да бар. Өмірден өткен адамдардың имандары саламат болсын! Енді мұндай қасірет қайталанбасын. Бұл үшін қолдан келгенін бәрін жасаймыз. Әр азамат мемлекеттің қамқорлығында болады. Алдағы жылдан бастап коронавирусқа қарсы тегін вакцина егуді бастаймыз. Оны азаматтардың қалауымен, ерікті түрде жүргіземіз. Осы күрделі кезеңде халқымыз берекесі-бірлігі мен ынтымағын арттыра түсті. Отандастарымыз бір-біріне қолұшын беріп, жанашырлық танытты. Бұл – шын мәнінде, ізгілік пен қайырымдылықтың үлгісі. Ең бастысы, біз бәріміз бірге болдық. Мемлекет тарапынан миллиондаған адамға қолдау жасалды. Біз қоғамның игілігі үшін қажырлы еңбек етіп жүрген азаматтардың жұмысын бағалай білдік. Дәрігерлер, мұғалімдер, тәртіп сақшылары, еріктілердің ерен ерлігіне куә болдық. Бұл азаматтар – бейбіт күннің нағыз батырлары. Оларға халқымыз шексіз риза. Келе жатқан Жаңа жыл – қасиетті Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы. Біз егемен еліміздің тарихындағы төртінші онжылдыққа қадам басамыз. Бұл – шын мәнінде, аса

маңызды белес. Біз келешекте Қазақ елінің қуатын одан әрі арттыра түсеміз. Барлық саладағы реформалар лайықты жалғасын табады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ол Президент лауазымындағы өзінің басты міндеті – әлеуметтік әділдік және халықтың әл-ауқатын арттыру екеніне маңыз берді. Сондықтан мемлекеттің күнделікті іс-әрекеті азаматтарымыздың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталады. Атап айтсақ, 2020 жылы 4 миллионға жуық азаматтың зейнетақысы мен әлеуметтік төлемақыларының көлемі өсті. Әлеуметтік сақтандыру төлемақысы 5 пайызға көбейді. Аз қамтылған отбасылардың 500 мыңнан астам балалары үшін кепілдендірілген әлеуметтік топтама енгізілді. Пандемия кезінде қиын жағдайға тап болған адамдарға қолдау көрсету үшін мемлекет бұрын-соңды болмаған қадамға барды. Азаматтарға 42 500 теңге көлемінде тікелей төлемақы берілді. Мемлекеттен 4,5 миллионнан астам адам қаржылай көмек алды. Несиелердің шегерілуі 1 миллион 900 мыңға жуық қазақстандықтың дефолтқа түсуіне жол бермеді.

Президент Тәуелсіздігіміздің 29-шы жылы күрделі, қиын әрі ерекше болғанын атап өтті. Мұндай тағдыршешті сынақтар әр ұрпақтың басына түсе бермейді. Жаһандық дағдырысты еңсерген мемлекетіміз бұдан да зор мақсаттар мен міндеттерді көздейді.

«Алдағы жыл – межелі кезең. Бұл жыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өтеді. Бұл өткенге көз жүгіртіп, қорытынды жасайтын уақыт. Халқымыз үшін осы маңызды датаны нақты істермен және жаңа жобалармен қарсы аламыз. Данғаза акциялар мен даурықпа шаралардан бас тартып, бүкіл іс нақтылыққа құрылатын болады. Экономика, әлеуметтік сала, экологиядағы жүйелі шаралардың көлемді кешенін іске асыруды жалғастырамыз. Тұрғындардың барлық топтарының, әсіресе жастар, әйелдер, мүмкіндігі шектеулі жандардың қажеттіліктеріне баса мән береміз. Біз еліміздегі саяси жаңғырту үдерісін жалғастыра береміз», – деді Президент.

(Деректер мен суреттер Ақорданың Баспасөз қызметінен, ашық интернет көздерінен алынды).

ДҮЙСЕНБІ
29 ҚАРАША

Almaty™ АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
6.30 Дала сазы
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия
10.00 Мультфильм
12.00 Киножүз
14.00 Өмір иірімі
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая. Менің бапкерім 9 серия
16.00 Телехикая. Орлау 16 серия
17.00 Үкілі үміт
17.30 Үздік әзілдер
18.00 Шешімі бар
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда (тікелей эфир)
20.40 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая. Менің бапкерім 10, 11 серия
21.40 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая. Сенім 19 серия
22.40 Әсем әуен
23.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
0.00 Мужской киножүз
2.00 Басты назарда (қайталау)
2.30 Телехикая. Әр жерде сен 56 серия
3.15 Сәуле-ғұмыр
4.00 Дала сазы
4.30 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Ауылдастар»
6.25 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Тағдыр жалыны». Телехикая
12.00 «Күйеу бала». Телехикая
13.00 AQPAPAT
13.10 «Qyzyq eken...»
14.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.10 «Арта». Сараптамалық бағдарлама
16.00 «Шілдеде жанған шырақ». Телехикая
17.00 AQPAPAT
17.15 «QYZYQ EKEN...»
18.00 «ТАҒДЫР ЖАЛЫНЫ». Телехикая
19.00 «ДЕНИЗ». Телехикая
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир
21.30 «КҮЙЕУ БАЛА». Телехикая
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая
23.30 «Таңшолпан». Телехикая
0.30 «САНА». Ток-шоу
1.30 AQPAPAT
2.05 «Ashyq alaŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу
2.55 «Теледәрігер»
3.40 «Ауылдастар»
4.00 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал. «Братство десанта»

7.00 Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00 Документальный фильм. «Елбасы. Летопись Независимости»
11.00 «Сезім сыры»
12.00 Телехикая. «Шашу»
13.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Шайқалған шаңырақ»
14.00 Телехикая. «Пәленшеевтер»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Российский сериал
18.00 Мегахит.
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Тұсаукесер! «Бизнеске бағыт». Тікелей эфир
21.00 Итоги дня
21.30 Тұсаукесер! Телехикая. «Шайқалған шаңырақ»
22.30 Премьера! «Национальный интерес с Ерланом Бекхожиным»
23.30 Телехикая. «Қазақ хандығы»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия (қазақша)
07.20 «Жанкешті ханымдар» телехикаясы (қазақша)
09.00 31 Әзіл
10.00 «Маша и Медведь» мультхикаясы
11.30 «Ханшайым» үнді телехикаясы (қайталау)
13.00 «Ұшқан ұя» түрік телехикаясы
14.00 «Тимон и Пумба» мультхикаясы
15.00 «Кухня» телехикаясы (қайталау)
16.00 КИНО. «Вратарь Галактики» (қайталау)
18.55 Т/телехикаясы «Кухня»
20.00 Информбюро (орысша/қазақша)
21.00 «Ұшқан ұя» түрік телехикаясы
22.00 «Ханшайым» үнді телехикаясы
23.40 КИНО. Арнольд Шварценеггер «Шестой день» боевикінде
02.00 31 Әзіл
02.30 Кел, татуласайық! (қазақша)
04.30 What's up? (қазақша)
05.00 Ризамын (қазақша)

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
7.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
9.00 «ДВОЙНАЯ ЖИЗНЬ». Многосерийный фильм
13.00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
14.15 «112». Тікелей эфир
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасының тұсаукесері
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.40 Премьера. Денис Рожков, Анастасия Тюнина в многосерийном фильме «УСЛОВНЫЙ МЕНТ-2»
0.40 Ночной кинотеатр. Павел Прилучный,



Карина Андоленко в многосерийном фильме «ЖЕЛТЫЙ ГЛАЗ ТИГРА»
1.50 «МАТА ХАРИ». Многосерийный фильм
3.10 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
4.10 «112» бағдарламасы
4.25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
До 04.55



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN» таңғы бағдарламасы
09.00 Т/х «Ағайындылар»
10.00 Т/п «Келесі кім?»
11.00 Т/п «Орел и решка»
12.15 Х/ф «Нико – путь к звездам»
14.00 Т/х «Гудия»
15.00 Т/х «Ерке мұң»
16.00 Скетчком «Q-елі»
16.40 Т/с «Тайны госпожи Кирсановой»
17.40 Т/с «Московские тайны»
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Балабол 4»
21.40 Т/п «Тамаша 7 км»
22.50 Скетчком «Q-елі»
23.00 Т/х «Ағайындылар»
00.00 Т/х «Гудия»
01.10 Х/ф «KZландия»
03.10 Т/х «Ерке мұң»
04.20 Т/п «Тамаша 7 км»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «КТК»
ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.15 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.45 «ЖУРНАЛИСТ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
09.30 «ЭТО НЕ НАВСЕГДА», мелодрама (повтор)
11.50 «ЦВЕТ ЛИПЫ», мелодрама (повтор)
15.50 «НЕБЕСА ПОДОЖДУТ», детективная мелодрама
17.00 «ДОКТОР ЛЕЙЛА», отандық телехикая. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
18.10 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ». Өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ШЕФ-5», остросюжетный детектив. Премьера!
23.50 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ», остросюжетный детектив.
01.40 «НЕБЕСА ПОДОЖДУТ», детективная мелодрама (повтор)
02.25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.10 «МАМА MIA»
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. «Челси» (Англия) – «Ювентус» (Италия)
9.00 ИНТЕРВЬЮ
9.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. «Ару-Астана» – «Алтай-2» (Әйелдер). 1 тур
11.15 «Сёрфинг Таитиде». Деректі фильм
11.45 ДЗЮДО. Grand Slam. Абу Даби. 2-күн
13.50 «Ташкент төріндегі самбошылар күресі». Арнайы репортаж
14.10 ВОЛЕЙБОЛ. ҚР Кубогы. «Маңғыстау» – «Есіл» (Ерлер)
16.10 ММА «OCTAGON 25»
20.45 Арнайы репортаж
21.00 ТЕННИС. Кубок Дэвиса-2021. 1/4 финал. Прямой эфир
3.00 «Жастарға жігер сыйлаған жарыс». Арнайы репортаж
3.20 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
7.45 «Клео мен Кукин» Мультхикая.
8.10 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
8.30 Анимация. Отандық / «Еркелер»
9.00 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Жасыл ел»
9.10 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
9.20 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
9.30 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
10.00 «Тайоның бастан кешкендері» Мультхикая.
10.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
10.35 Анимация. Отандық / «Глобус»
10.50 «Түрлі текшелер» Мультхикая.
11.10 Анимация. Отандық / «Ертемір»
11.25 Анимация. Отандық / «Бабалар ізі»
11.35 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
11.50 «Пороро» Мультхикая.
12.05 «Құпия кітап» ситкомы
12.25 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
12.40 «Мисс Кәусар» танымдық жобасы
12.50 Анимация. Отандық / «Сәби»
13.15 «Супер әке» Мультхикая.
13.40 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
13.55 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
14.10 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
14.40 Анимация. Отандық / «Сарбаздар»
15.00 «Горм сақшылары» Мультхикая.
